



**ҚҰРАМАНЫҢ ОЙЫНЫ
ЖАНКҮЙЕРЛЕРДІҢ
КӨҢІЛІНЕН
ШЫҚПАДЫ**

→2



**ЖАПОНИЯДАҒЫ
СУРДЛИМПИАДАҒА ДА
ҚАТЫССАМ ДЕГЕН
ЖОСПАРЫМ БАР**

→3



**ӘЛЕМНІҢ
ЕҢ ТАНЫМАЛ
ҚАҚПАШЫСЫ**

→12

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық
апталық

qazaqsporty.kz

№18-19 (5370)
28 мамыр 2022 жыл

Газет сенбі
күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru

МИНИСТРДІҢ КУБОГІН ҚАЖЫМҰҚАН МҰҢАЙТПАСҰЛЫ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ-КОЛЛЕДЖІ ЖЕҢІП АЛДЫ



22-24 МАМЫР АРАЛЫҒЫНДА НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА Ж.ҮШКЕМПІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК САРАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРІНІҢ КУБОГІ ТУРНИРІНІҢ ФИНАЛДЫҚ КЕЗЕҢІ ӨТТІ. ЖӘНЕ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ-КОЛЛЕДЖІ ЖЕҢІП АЛДЫ.

Қазақстанның Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев салтанатты ашылу рәсіміне қатысып, жарыстың ақтық кезеңін бақылады, оның қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерге медальдар тапсырды.

«Спортшылар мен жаттықтырушылар және болашақ чемпиондардың ата-аналары үшін шын жүректен қуаныштымын. Өңірлерде осы жарысты өткізу туралы бастаманы үлкен ынтымақпен қарсы алғандарына қанағаттанады. Күрделі іріктеу кезеңдерінен кейін елордада ең мықты спортшылар жиналды. Бұл жарыстардың атмосферасы сіздерге жағымды эмоция мен әдемі әсер сыйлайды, ал жарқын жеңіс қосымша серпіндейтін, деп сенімді», деді министр.

Сондай-ақ, Дәурен Абаев аталған жарыс дәстүрлі түрде өтетініне және жас таланттарды ашуға көмектесетініне сенім білдірді.

«Бүгін Жақсылық Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайында тамаша турнирдің куәсі болып, жүзден жүйрік

шыққан жас саңлақтарымызды марапаттадым.

Министрліктің кубогі үшін жарыстың финалдық кезеңі өте тартысты өтті. Республикалық турнирге еліміздің спорт интернаттары мен колледждерінің 2006-2007 жылдары туған жасөспірімдері қатысып, бақтарын сынады.

→4



ЖАЛЫНДАҒАН ЖӘНІБЕК

«УАҚЫТША» ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

АҚШ-ТЫҢ ЛАС-ВЕГАС ҚАЛАСЫНДАҒЫ КӘСІПҚОЙ БОКС КЕШІНІҢ БАСТЫ ЖЕКПЕ-ЖЕГІ «QAZAQ STYLE» ДЕГЕН БҮРКЕНШІК ЕСІММЕН ТАНЫЛҒАН ЖӘНІБЕК ӘЛІМХАНҰЛЫ МЕН ҰЛЫБРИТАНИЯЛЫҚ ДЭННИ ДИГНУМ АРАСЫНДА ӨТТІ.

Бұл жекпе-жекте WBO нұсқасы бойынша орта салмақтағы «уақытша» әлем чемпионға атағы сарапқа берілді. Лас-Вегаста қарсылас атанған боксшылар бір-бірінен бұрыннан жақсы танытын болып шықты. Осыдан тоғыз жыл бұрын, яғни 2013 жылы Қазақ еліне Ұлыбритания боксшылары келіп, біздің жігіттермен бірлескен оқу-жаттығу жиынын өткізді.

Сол кезде тағар спаррингке шыққан екен. БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында Дэнни: «Иә, сол кезде Жәнібекпен жолым түйіскені рас. Бірақ бұл жаттығу жиыны болғандықтан, құмарымыз қанғанша айқаса алмадық. Тек бір-екі раунд қана қолғап түйістірумен шектелдік. Одан бері талай жеңілді жүзі артқанды. Уақыт оза келеуіміздің де шебіренімі алдағы жекпе-жекте анық байқайтын боласыздар», деп ақтарыла сөйлеген еді.

Барша қазақстандық жанкүйер тағатысыздана күткен бұл жекпе-жек ұзаққа созылмады. Бәсеке басталған бетте Жәнібек қарсыласын бірден қыспаққа алды. Жойқын соққыларын дәл дарытып, оған еш бас көтерткен жоқ. Бірінші раундтың өзінде нокаут белгіленді. Төртінші раундқа дейін санағанша Дигнум есін жиып үлгерді. Бірақ қазақ боксшысы қарқынды еш бәсеңдетпеді. Үнемі шабуыл өтінде жүрген Әлімханұлы екінші раундтың соңғы минутында британиялық кеме қанғанша раундтың соңына дейін сабады. Үш-төрт ауыр соққы дәл тигеннен соң Дэннидің қорғанауы да шамасы келмеді. Соңында Жәнібек сол қолымен иектің астынан оңдырмай ұрды. Осы апперкоттан кейін қарсыласы есінен танып, еденге оңбай құлады. Нокаут!

→2

**ГАЗЕТТІҢ КЕЛЕСІ НӨМІРІ
11 МАУСЫМДА ШЫҒАДЫ**

БАСПАСӨЗ-2022



Мырзағали АЙТЖАНОВ,
Бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары:	1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25	1338,75	2677,50	5355,00	Қала
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25	2058,75	4117,50	8235,00	Қала
	Жеке жазылушылар үшін	464,87	1394,61	2789,22	5578,44	Аудан/ауыл
	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	704,87	2114,61	4229,22	8458,44	Аудан/ауыл

«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	

«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	

«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

ЖАЛЫНДАҒАН ЖӘНІБЕК

«УАҚЫТША» ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ



←1

Иә, бұл кеште бәрі қазақша болды. «Дәнииді ұрып жығамын» деген Жәнібек сөзінде тұрды. «Бүгінгі кеште «Қазақ стилінің» құдіретін күллі әлемге паш етемін» деген қандасымыз жоспарын ойдағыдай жүзеге асырып, көздеген мақсатына қол жеткізді. «Уақытша» әлем чемпионы атағы үшін жекпе-жектің алты минутқа жетпей аяқталуы жоғарыда айтылған сөзіміздің айқын дәлелі.

Ол аз десеңіздер, осы кездесу қарсаңында да, кездесуден кейін де ағылшынша қойылған сауалдардың барлығына

Әлімханұлы тек өзінің ана тілінде ғана жауап берді. Осы жайттың өзі батылдық пен батырлықтан бөлек, кейіпкеріміздің бойында қазақтың рух пен қазақтың намыстың да басым екенін анық аңғартты.

Осылайша, 29 жастағы Жәнібек Әлімханұлы кәсіпқой рингтегі өзінің 12-ші жекпе-жегін өткізді. Сол бәсекелердің барлығында жеңіске жетіп, сегіз қарсыласын нокаутқа жіберді. Енді барша Алаш жұрты қандасымыздың «толыққанды» әлем чемпионы атағы үшін таласатын сәтін тағатсыздана күтеді. Ол күнге де аз қалды, ағайын!

АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІМПАЗ АНЫҚТАЛДЫ

ИТАЛИЯНЫҢ «РОМА» КЛУБЫ БЫЛТЫР ЖАЗДА ТҰСАУЫ КЕСІЛГЕН ФУТБОЛДАН КОНФЕРЕНЦИЯ ЛИГАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ. РИМДІКТЕР ФИНАЛДА НИДЕРЛАНДТЫҢ «ФЕЙЕНООРД» КЛУБЫНАН 1:0 ЕСЕБІМЕН БАСЫМ ТҮСТІ.

Албанияның бас шаһары – Тиранадағы «Эйр Албания» стадионында ұйымдастырылған кездесуде матч тағдырын Николо Дзаньолюонның жалғыз голы шешіп кетті. Осылайша, Римнің «Рома» клубы Еурокубок тарихындағы жаңа турнирдің алғашқы жеңімпазы атанды. Бұл – «Романың» 1961 жылғы «Жәрменке кубогынан» (қазіргі Еуропа лигасы) кейін жеңіп

алған алғашқы ірі жетістігі. Ал «Фейеноорд» өз тарихында бір рет Еуропа чемпиондар кубогы (қазіргі Чемпиондар лигасы – ред.) мен екі рет УЕФА кубогында (Еуропа лигасы) топ жарған.

Конференция лигасында бақ сынаған алматылық «Қайрат» клубы топтық кезеңге дейін жетіп, бірде-бір ойында жеңіске жете алмай, өз кварталында соңғы орында қалып қойған болатын.



ҚҰРАМАНЫҢ ОЙЫНЫ ЖАНКҮЙЕРЛЕРДІҢ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚПАДЫ



2022
ICE HOCKEY
WORLD
CHAMPIONSHIP
FINLAND
Tampere - Helsinki

ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙДЕН ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫ ФИНЛЯНДИЯ АСТАНАСЫ – ХЕЛЬСИНКИДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ТОПТЫҚ КЕЗЕҢІНДЕГІ СОҒҒЫ ОЙЫНЫН ӨТКІЗДІ. ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ХЕЛЬСИНКИДЕ ОРНАЛАСҚАН 10 МЫҢҒА

ЖУЫҚ ЖАНКҮЙЕР СЫЯТЫН «МҰЗ САРАЙЫ» МҰЗАЙДЫНЫНДА ЖЕТІ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІП, БІРЕУІНДЕ ҒАНА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ. СӨЙТІП, ӨЗІНІҢ ЭЛИТАЛЫ ДИВИЗИОНДАҒЫ ОРНЫН САҚТАП ҚАЛДЫ. АЛ БҰҒАН ДЕЙІН ДАНИЯ ҚҰРАМАСЫНАН (1:9) ІРІ ЕСЕППЕН ҰТЫЛСА, КЕЙІНГІ ТУРЛАРДА ФРАНЦИЯ (1:2), ШВЕЙЦАРИЯ (2:3), КАНАДА (3:6) ЖӘНЕ СЛОВАКИЯ (3:4) ҚҰРАМАЛАРЫНАН ЖЕҢІЛІП ҚАЛҒАН ЕДІ.



Өткен аптаның жексенбісінде командалар топтық кезеңнің алтыншы тур ойындарын өткізді. Бұл турда Қазақстан құрамасы Германия хоккейшілерімен шеберлік байқасты. Аса тартысты өткен матчта жерлестеріміз тағы да бір шайба айырмашылығымен жеңіліп қалды – 4:5. Бұл – Юрий Михайлис шәкірттерінің бір шайба айырмашылығымен жеңілген төртінші ойыны болды. Ал Германия құрамасы алғашқы турда Канадаға (3:5) есе жібергенімен, қалған ойындардың бәрінде (Словакия – 2:1, Франция – 3:2, Дания – 1:0, Италия – 9:4) қарсыластарынан айласын асырды. Алты ойында 15 ұпай жинаған немістер мерзімінен бұрын әлем біріншілігінің плей-офф кезеңіне жолдама алды.

Үш мыңнан аса жанкүйер тамашалаған Қазақстан – Германия кездесуінде есепті бірінші болып жерлестеріміз ашты. Бәсекең үшінші минутында көк жолақтың бойында қарсылас ойыншының қателігінен кейін шайбаға иелік еткен құрама капитаны Роман Старченко чемпионаттағы алғашқы голын салды. Арада екі минут өткенде қазақстандық жанкүйерлердің қуанышы су сепкендей басылды. Немістер таразы басын жылдам теңестіріп кетті. Бундеслига футбол клубының бәсекелесі Андрей Шутов үшін оңай олжа болуы керек еді, бірақ қақпашымыз Мюллердің соққысының алдында дәрменсіз қалды. 15-минутта Қазақстан құрамасы тағы да есепте алға шықты. Егор Петухов екі қорғаушының қоршауында қалып қойса да, мергендігімен көзге түсті. Әйткенмен, немістердің қайта таразы басын теңестіруіне небәрі 30 секундтың өзі жеткілікті болды.

Бұл жолы Леонард Пфедерль гол соқты. Ал үзіліске бір минут қалғанда Даниэль Фишбах командасын есепте алға шығарды – 3:2. Бұл жерде де Шутов өте сәтсіз ойнады.

Екінші кезеңде құрамалар бір-бір шайба соқты. Үзілістен кейін мұзайдында белсенді ойнаған қазақстандық хоккейшілер сан басымдығына ие болса да, есепті теңестіретін мүмкіндікті ұтымды пайдалана алмады. Кейін Германия құрамасы Әлихан Әсетов пен Кирилл Савицкийдің қатар ереже бұзуының салдарынан бір емес, екі ойыншы басымдығына қол жеткізіп, өз мүмкіндіктерін сәтті пайдаланды. Нәтижелі ойынмен көзге түскен Лукас Рейхель құрамасының төртінші шайбасын салды. Сөйтіп, екінші кезеңнің орта тұсына жетпей жатып екі шайба айырмашылығымен есепте алға шығып алған германиялықтар бірте-бірте қарқынын бәсеңдетіп, күшін келесі ойындарға сақтап жатқандай әсер қалдырды. Ал уақыт озған сайын белсенділігін арттырған жерлестеріміз үзіліске 30 секунд қалғанда есеп айырмасын бір шайбаға дейін қысқартты. Бұл жолы Павел Акользин дәлдік танытты.

Үшінші кезең басталған бетте Никита Михайлис таразы басын теңестіріп (4:4), қазақстандық жанкүйерлерді бір серпілтіп тастаған еді. Бірақ өткен ойындардағы

БҰРНАҒЫ КҮНІ ШИРЕК ФИНАЛДЫҚ ОЙЫНДАР ӨТІП, ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛҒА ЖОЛДАМА АЛҒАН КОМАНДАЛАР БЕЛГІЛІ БОЛДЫ. ЧЕХИЯ ҚҰРАМАСЫ ГЕРМАНИЯДАН 4:1 ЕСЕБІМЕН БАСЫМ ТҮССЕ, КАНАДА НАҒЫЗ КАМБЭКТИ ЖАСАДЫ. «ҮЙЕҢКІ ЖАПЫРАҚТЫ» ЕЛДІҢ ҚҰРАМАСЫ ШВЕЦИЯДАН 0:3 ЕСЕБІМЕН ҰТЫЛЫП ТҰРЫП, ОЙЫНДЫ 4:3 ЕСЕБІМЕН АЯҚТАДЫ. ФИНЛЯНДИЯ СЛОВАКИЯНЫ 4:2 ЕСЕБІМЕН СҮРІНДІРСЕ, АҚШ ШВЕЙЦАРИЯНЫ 3:0 ЕСЕБІМЕН ЖЕҢДІ. ОСЫЛАЙША ЧЕХИЯ, КАНАДА, ФИНЛЯНДИЯ ЖӘНЕ АҚШ ҚҰРАМАЛАРЫ ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛҒА ШЫҚТЫ. ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛДА ФИНЛЯНДИЯ МЕН АҚШ, КАНАДА МЕН ЧЕХИЯ СЫНҒА ТҮСЕДІ. ЕНДІ ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛ БҮГІН, ЯҒНИ 28 МАМЫРДА ӨТЕДІ. ФИНАЛ 29 МАМЫРҒА ЖОСПАРЛАНҒАН.

ЖЕҢІСТІ КҮНДЕРДЕ ЖҮЗДЕСКЕНШЕ...

АЛМАТЫДА БАҚ ӨКІЛДЕРІ АРАСЫНДА АМАНГЕЛДІ СЕЙІТХАНОВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ШАҒЫН ФУТБОЛДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

КӨПТЕГЕН ДҮБІРЛІ ДОДАДАН ТІКЕЛей РЕПОРТАЖ ЖҮРГІЗГЕН ТАНЫМАЛ СПОРТ КОММЕНТАТОРЫ АМАНГЕЛДІ СЕЙІТХАНОВТЫҢ КӨПТЕГЕН ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН ЖАНКҮЙЕРЛЕРДІҢ ЖАДЫНДА.

Еңбек жолын республикалық «Қазақ спорты» (бұрынғы «Спорт») газетінде бастаған ол сол кездің өзінде-ақ ойлы, зерделі, салмақты, салмақты мақалаларымен өз оқырмандарын баурап алғанды. Студенттік шағында айтыскер ақын ретінде танылды. Кейіннен «Қазақстан» мен «Хабар» телеарналарында еңбек етті.

Комментатор ретінде ол өзінің мықтылығын түбегейлі мойындады. «Шіркін, Зидан қазақ болғанда ғой!», «Ан мықты ма? Кан мықты ма?», «Гол кірмесе кірмесін, тек Дюгарри аман болса екен», «Бір голдың болатыны сөзсіз бүгін, дәл қай минутта екенін айта алмаймын», «Барысша атылып, кенеше жабысты», «Түйенің қос өркешіндей жарасып келе жатқан Фло мен Каннаваро», «Қырық жыл қорғаныста ойнаппыз. Мүмкін шабуылда керек пе еді?», «Былай қарасаң, екі қол, екі аяқ біздің де футболшыларда бар, иә?», «Аюдың апанындай қақпа тұрғанда, алақандай ғана маңдайшаға тигені несі депті ауылдағы бір апамыз», «Ойбай-ау, Мұхтархан ұйықтап жүріп осылай боқстасса, оянып кетсе, онда не болады?... осылай жалғаса беретін Амангелді ағамыздың сол кезде айтқан керемет теңеулері мен өрелі ой-пікірлерін әлі де сағынып жүрген жайымыз бар.

Сейітхановтардың отбасы және Жандос Айтбай бастаған Амангелді

Муатқанұлының бір топ шәкірті бас қосып, өткен аптаның аяғында Алматыдағы «Хан Тәңірі» стадионында БАҚ өкілдері арасында шағын футболдан республикалық турнирдің тұсауын кесті. Оған еліміздің сегіз өңірінен келген 16 команда қатысты. Жарысты «Хабар» агенттігінің басқарма төрағасы Берік Уәли ашты. Топтық турнир аяқталған соң өз топтарында алғашқы екі орынды алған сегіз ұжым плей-офф сайыстарында шеберлік байқасты. Сөйтіп, бұл турнир құрамында Ришат Тұрғанбайұлы, Самат Есентайұлы, Есболат Айдабосын, Асыл Сұлтанғазы, Айдар Қалиев, Аршын Айдынбекұлы, Серік Қантаев сынды ойыншылары бар Талдықорғанның «Қарекет» командасының жеңісімен аяқталды. Финалда олар «КТК» арнасынан 2:0 есебімен басым түсті. Қола медальді «Экспресс К» газетінің ұжымы иеленді. Үшінші орын үшін өткен бәсекеде олар Нұр-Сұлтаннның «Хабар» командасын 2:1 есебімен ұтты.

– Амангелді Сейітханов пен Бейсен Құранбек тек сыйлас әріптестер ғана емес, ажырамас достар да еді. Еңбек жолын олар «Спорт» газетінде бірге бастады. Кейіннен теледидардан жарқырап көрінді. Өкінішке қарай, асыл ағаларымыз өмірден ерте озды. Екеуі де нағыз кемелденген шағында келмесіне келесіне мінді. 2020 жылы Бейсен Құранбек



бақилық болған соң, артынан ерген іні-шәкірттері сол кісінің атынан команда құрып, оны «Қарекет» деп атады. Қысқа ғана мерзім аралығында біздің жігіттер БАҚ өкілдері арасында өткен Алматыдағы екі бірдей турнирде топ жарып, тағы бірнеше доп досасында жүлдегерлер қатарынан көрінді. Міне, енді Амангелді Муатқанұлын еске алуға арналған жарыста Бейсен Абайұлы атындағы команда бас жүлдені олжалады, – деп жеңімпаз команданың капитаны Ришат Тұрғанбайұлы тебірене сөйледі.

Бас жүлдені олжалаған командаға 200 мың теңге табыс етілсе, финалда жеңілген ұжым 150 мыңды еншіледі. Қола медальдың иегерлері 100 мың алса, төртінші орынға тұрақтаған команда 50 мың теңгені иемденді. Жарыс қорытындысы бойынша мына журналистер үздік деп танылды: Қақпашы – Самат Есентайұлы, қорғаушы – Дәурен Берікқажы, шабуылшы – Айтбай Жұмағұл, ойыншы – Срайл Смайыл. Олар да ақшалай және бағалы сыйлықтарға ие болды. Сонымен қатар бірқатар БАҚ өкіліне Амангелді

Сейітханов жайында жазылған «Жеңісті күндерде жүздескенше» атты кітап табыс етілді.

Осы жарысты тамашалауға келгендер арасынан Парламент Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп, Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан, «Атамұра» корпорациясының президенті Рақымғали Абрауылы, республикалық гандбол федерациясының президенті Гүлнар Тұрлыханова, ардагер спорт журналисі Рабат Жәнібеков, айтыскер ақын Дидар Қамиев және тағы басқалар болды.

Аян ӘБДІРАШЕВ,

СУРДЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ ЖӘНЕ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ:

ЖАПОНИЯДАҒЫ СУРДЛИМПИАДАҒА ДА ҚАТЫССАМ ДЕГЕН ЖОСПАРЫМ БАР



ЖАҚЫНДА БРАЗИЛИЯНЫҢ КАШИАС-ДУ-СУЛ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН СУРДЛИМПИА ОЙЫНДАРЫНДА ТУ ҰСТАП ШЫҚҚАН ТАЕКВОНДОШЫ АЯН ӘБДІРАШ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ. ҚАРАҒАНДЫЛЫҚ СПОРТШЫ БҮГІНГІ СҰХБАТЫНДА ТУРНИРДІҢ ҚАЛАЙ ӨТКЕНІ, ЖЕҢІСКЕ ЖЕТУГЕ НЕ КЕДЕРГІ БОЛҒАНЫ ЖӘНЕ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНА ДАЯРЛЫҒЫ ЖАЙЛЫ АЙТЫП БЕРДІ.

– Аян, жақында Бразилияда өткен Сурдлимпиада ойындарынан жүлделі оралдыңыз. Құттықтаймыз! Жарыс қалай өтті?

– Рақмет! Бұл аламанға жүлде үшін бардым және сол максатыма қол жеткіздім. Жеңіске жетсем деген ниет болған. Өкінішке қарай, бұл жоспарымыз жүзеге аспай қалды.

– Әр жекпе-жекке жеке тоқталсаңыз.

– Алғашқы айкаста африкалық спортшымен жекпе-жек өткіздім, ал екіншісінде ирандық таеквондошымен кездестік. Ол қарсыласымнан ұтылып, жартылай финалда өзбекстандықтан басым түстім.

– Бұл аламанға чемпиондық атақты қорғау үшін аттанғаныңыз анық. Мақсатқа қол жеткізуге не кедергі болды деп ойлайсыз?

– Шыны керек, ирандық спортшыға арнайы дайындалдық. Себебі әлем чемпионатында да осы жігітке

есе жібергенмін, соны қайтарсам деп едім. Бірақ сәттілік жетпей қалды. Әйтпесе бапкерлер де сенді, өзім де чемпион боламын деп барғанмын. Спорт деген сол ғой, бақ пен бап қатар шаппаса жеңіске жете алмайсың.

– Жақындарыңыз жекпе-жектеріңізді тамашалай алды ма? Алғаш болып хабарласқан да шығар...

– Әрине. Жарысты олар үйде тікелей эфирден тамашалап отырған. Басты жанкүйерлерім анам мен әпкем ғой, тілекшім де солар. Сондықтан анам жарыстарымды жібермей көріп жүреді. Үнемі батасын беріп шығарып салады. Бұл жолы да солай болды.

Уақыт айырмашылығына қарамастан жарыс аяқтала салысымен қоңырау шалып, құттықтады.

– Ал Судлимиадада Қазақстанның туын алып шығу туралы жауапты қалай қабылдадыңыз?

– Маған бұл жаңалықты жарысқа

аттанардан үш күн бұрын хабарлады. Министрліктен бапкеріме телефон шалып айтқан екен, бапкерім: «Саған туды сеніп тапсырып жатыр» деді. Күтпеген жаңалық қой. Бірақ үлкен қуаныш болды.

– Таеквондомен таныстығыңыз қалай басталып еді?

– Қарағандыда туып-өстім. Анам 9 жасымда таеквондоға алып барды. Міне, содан бері осы спортты серік етіп келемін. Алғашқы бапкерлерім спорттан кеткен. Таеквондодан бөлек боксқа да барып көрдім. Қазір жеке бапкерім – Руслан Ишанов.

– Алғашқы жарысыңыз есіңізде ме, қандай турнир еді?

– Қарағанды облыстық чемпионаты болатын. Сол біріншілікте жеңімпаз атандым. Бұл менің бойымдағы сенімділікті арттырған турнир болды.

– Үйде сізден бөлек спортпен шұғылданатындар бар ма?

– Үйде спортшы жалғыз өзім ғана. Отбасымызда екі баламыз, әпкем бар. Жалпы, туыстардың арасында да спортшылар жоқ екен.

– Сіз туған өңірде таеквондоға қызығушылық қандай?

– Меніңше, қызығушылық өсіп келеді. Бәсекелестік те жоғары. Жастар арасында осы жекпе-жекке деген қызығушылық артқаны байқалады.

Жалпы, таеквондонның дамуы үшін өңірде барлық жағдай жасалған.

– Ал елімізде ерекше спортшыларға қаншалықты жағдай жасалған?

– Көп елдерге қарағанда біздегі жағдай анағұрлым жақсы, спортшыға көңіл бөлінеді, жаттығу залдары да бар.

– Қазір демалыстасыз ғой. Демалыс уақытын қалай өткізіп жатырсыз?

– Иә, әзірге бізге демалыс берілген. Қалпыма келу үшін тынығамын деп шештім. Бұйыртыса, жаттығулар екі аптадан соң басталады. Дайындық Қарағандыда өтеді.

– Алда қандай маңызды турнирлер күтіп тұр?

– Биыл сурдотаеквондодан Азия ойындары өтеді. Жоспар бойынша қыркүйекте Бішкекте жалауы желбірейді.

– Сіздің салмақтағы мықтылардың барлығы осы Азияда емес пе?

– Дұрыс айтасыз. Негізінен мықтылар Оңтүстік Корея мен Иран спортшылары ғой. Сары құрлық додасында барымызды саламыз.

Үш жылдан кейін Жапонияда Сурдлимпиада ойындары өтеді. Сәтін салса, бұл ойындарға да қатысамын деген жоспар бар.

– Сіз 58 келіде өнер көрсетесіз. Сіз үшін салмақ қуу қаншалықты қиын?

– Иә, 58 келіде жүргеніме бес жылдай болды, оған дейін 54-те болғанмын. Мен үшін салмақ қуу аса қиын емес, себебі өз салмағым 61 келіні құрайды. Салмақ жинауға аса бейім емеспін.

– Таеквондодан ұлттық құрама мүшелерімен араласып тұрасыздар ма?

– Кей жігіттерді білемін, бірақ аса араласа бермейміз, себебі жаттығулар бөлек өтеді. Бірақ жарысқа аттанғанда тілекшіміз ғой.

– Олимпиада және Сурдлимпиада жарыстарының жүлдегерлерінің сыйқасы теңестірілген. Тиісті қаржыны беруде кедергілер жоқ па?

– Ешқандай мәселе жоқ. Сыйақы заңға сәйкес беріледі. Отбасыма көмектесемін деп отырмын.

– Спорттан бөлек неге қызығасыздар?

– Басқаға уақыт жоқ, тек спорт. Тіпті әлеуметтік желілерге де тіркелмегенмін, қызық емес. Бірақ сонда да танып, тілегін білдіріп жататындар бар.

Өңгімелескен –
Мәдина АСЫЛБЕК



ЕКІ ОЙЫНДА – 28 ГОЛ

22 ЖӘНЕ 24 МАМЫРДА ФУТБОЛДАН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ 7-8 ТУР ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ. НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА СОҒҒЫ ЕКІ ТУР ОЙЫНДАРЫНЫҢ СТАТИСТИКАСЫН ҰСЫНАМЫЗ.

7-ТУР

ҚАЙСАР – ТОМИРИС-ТҰРАН – 1:6 (1:4)

Голдар: Жорабек 40 – Дж.Сандэй 4, 17, Нұрышева 8, Тұрлыбекова 23, 52, Мамырова 59

Ескерту: Нұрышева 42

Қайсар: Сырлыбай (к) (к), Қуанышбай, Баратова, Нұрадин (Қобланбекқызы 64), Талғатқызы, Сайлау, Жорабек, Қазыбек (Бодан 80), Дәлен, Ерік, Камен (Балтабайқызы 55).

Бас бапкер: Берік Сансызбаев.

Томирис-Тұран: Әбиболла (к) (Оразбекова (к) 46), Ержанова, Көпжанова, Нұрышева (к) (Ақбарова 46), Қожахмет, Тұрлыбекова, Низамутдинова, Виллануева, Серік, Дж.Сандэй (Мамырова 46), Э.Сандэй (Мұхамед 46);

Қосалқы құрам: Рахметжан;

Бас бапкер: Петр Пак.

Төрешілер: Дінмұханбет Есенбай, Асылхан Өтеген, Нұрсат Тәңірбергенұлы (барлығы – Қызылорда)

22.05.2022. 10:00. Ғ. Мұратбаев атындағы орталық стадион, Қызылорда. 30 көрермен.

ОҚЖЕТПЕС – ЖАС СҰҢҚАР – 10:0 (8:0)

Голдар: Мбенгоно 4, 12, Нга Манга 14, 23, 87, Агботсу 20, 36, Власова 30, Орынбасарова 32, Сатығалиева 66

Қызыл қағаз: Исатаева 73

Оқжетпес: Буткевич (к) (Зейнәлі (к) 46), Власова (к), Козиева, Шалмұхаметова, Нгуадем, Қаражанова, Агботсу (Мұқашова 46), Мбенгоно (Күзтай 46), Орынбасарова (Прохорова 46), Сатығалиева (Айтмұқанова 72), Нга Манга;

Қосалқы құрам: Амангелді;

Бас бапкер: Бегайым Қырғызбаева.

Жас Сұңқар: Төлеген (к), Перме (к), Совет, Гисс (М.Рақишева 81), Сұңқарова (Б.Рақишева 80), Исатаева, Дanelян (Иунина 59), Шустова (Байсуфинова 64), Бут, Кенжетай (Өтеген 64), Ступина;

Бас бапкер: Илья Меланич.

Төрешілер: Владимир Никлевич (Петропавл), Алексей Хорошев, Әлихан Ерден (екеуі де – Көкшетау)

22.05.2022. 12:00. «Оқжетпес», Көкшетау, 50 көрермен.

БЖМОРСМ №17 – БИИК-ШЫМКЕНТ – 0:12 (0:6)

Голдар: Литвиненко 3, 5, 70, 75, Чанда 10, 18, 43, Ана Рафаэля 30, 53, Габелия 59, 73, Демидова 82

Қызыл қағаздар: Тянь 83 – Норбаева 85

БЖМОРСМ №17: Әнуарбек (к), Атаманенко, Тұрсынқұл, Жұмағали, Ердаулетова (к), Тянь, Талдыкина, Попова, Ботабек (Жаппарбергенова 71), Махмутова (Рысбек 55), Балжан;

Қосалқы құрам: Пернебай (к), Сапарбай, Шәмет, Айтмұрат, Киркинбаева, Лозукова, Субботина;

Бапкер: Алик Юлдашев.

БИИК-Шымкент: Железняк (к), Бабшук (к) (Демидова 39), Ламберт (Орынбай 82), Бузова (Садыкова 82), Уильямсон (Норбаева 46), Жанатаева (Адамс 46), Хайрулина, Литвиненко, Ана Рафаэль, Чанда, Габелия;

Қосалқы құрам: Гайер (к), Наджемба, Иванова; Бас бапкер: Лукас Дель Вечкио. Төрешілер: Арсен Бисенов, Мәдина Алмасқызы, Давлатбек Абдумунинов (барлығы – Шымкент) 22.05.2022. 18:00. «БИИК» футбол орталығы, Шымкент. 50 көрермен.



8-ТУР

ҚАЙСАР – ТОМИРИС-ТҰРАН – 0:5 (0:3)

Голдар: Низамутдинова 8, Дж.Сандэй 17, 19, Мамырова 51, Тұрлыбекова 55

Қайсар: Сырлыбай (к), Қуанышбай, Баратова, Нұрадин, Талғатқызы, Сайлау, Жорабек, Бодан, Дәлен, Балтабайқызы, Әбиболла (Қазыбек 46);

Бас бапкер: Берік Сансызбаев.

Томирис-Тұран: Әбиболла (к) (Оразбекова (к) 46), Ержанова, Көпжанова, Нұрышева (к), Қожахмет, Тұрлыбекова, Низамутдинова, Виллануева (Ақбарова 46), Серік, Дж.Сандэй (Мұхамед 46), Мамырова, Э.Сандэй;

Қосалқы құрам: Рахметжан, Симонова, Қаратаева;

Бас бапкер: Петр Пак.

Төрешілер: Ерлан Жантуғанов, Ахмет Азаматов, Төребек Жақсылық (барлығы – Қызылорда) 24.05.2022. 10:00. Ғ. Мұратбаев атындағы орталық стадион, Қызылорда. 20 көрермен.

ОҚЖЕТПЕС – ЖАС СҰҢҚАР – 15:1 (7:0)

Голдар: Нга Манга 20, 25, 41, Сатығалиева 23, 43, Агботсу 31, 79, 90, Мбенгоно 33, 74, 84, 88, Дanelян 61 (автогол), Орынбасарова 69, 80 – Бут 50

Ескерту: Прохорова 75

Қызыл қағаз: Төлеген 56

Оқжетпес: Буткевич (к) (Зейнәлі (к) 46), Власова (к), Казиева, Шалмұхаметова, Нгуадем (Мұқашова 46), Қаражанова (Прохорова 68), Агботсу, Мбенгоно, Орынбасарова, Сатығалиева (Күзтай 46), Нга Манга (Амангелді 68);

Қосалқы құрам: Айтмұқанова;

Бас бапкер: Бегайым Қырғызбаева.

Жас Сұңқар: Төлеген (к), Совет (к), Гисс (Өтеген 71), Б. Рақышева (М. Рақышева 65), Дanelян, Иунина (Сұңқарова 55), Шустова, Байсуфинова, Бут, Кенжетай, Ступина;

Бас бапкер: Илья Меланич.

Төрешілер: Антон Кучма, Алексей Хорошев, Антон Сысоев (барлығы – Көкшетау)

24.05.2022. 12:00. «Оқжетпес», Көкшетау, 100 көрермен.

БЖМОРСМ №17 –

БИИК-ШЫМКЕНТ – 0:16 (0:6)

Голдар: Габелия 2, 31, 39, Ана Рафаэль 4, 9, 30, 62, 72, Чанда 48, 57, 69, 89, Уильямсон 50, 84, Адамс 60, Демидова 85

БЖМОРСМ №17: Әнуарбек (к) (Қалабухова (к) 46), Атаманенко, Тұрсынқұл (Рысбек 46), Жұмағали, Ердаулетова (к) (Киркинбаева 46), Лозукова (Жаппарбергенова 46), Талдыкина, Попова, Ботабек, Махмутова, Балжан (Шәмет 46);

Қосалқы құрам: Сапарбай, Айтмұрат, Субботина;

Бапкер: Алик Юлдашев.

БИИК-Шымкент: Гайер (к), Демидова, Иванова (Орынбай 52), Ламберт, Бузова, Садыкова, Адамс, Хайрулина (к), Ана Рафаэль, Чанда, Габелия (Уильямсон 43);

Бас бапкер: Лукас Дель Вечкио.

Төрешілер: Самат Жарылқасынов, Динара Ыдырысова, Нұрлан Сәрсен (барлығы – Шымкент) 24.05.2022. 18:00. «БИИК» футбол орталығы, Шымкент. 100 көрермен.

Дәурен АБАЕВ:

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШАХМАТ МЕКТЕБІ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРІ ДӘУРЕН АБАЕВ ШАХМАТТАН РАПИД ЖӘНЕ БЛИЦ БОЙЫНША ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ ҚАЗБЕК НӨГЕРБЕКОВ ЖӘНЕ БЛИЦТЕН ҚЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ НАЗЕРКЕ НҰРҒАЛИМЕН КЕЗДЕСТІ. СОНДАЙ-АҚ КЕЗДЕСУГЕ ҚАЗАҚСТАН ШАХМАТ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫ, ПРЕЗИДЕНТІ ҒАЛЫМ ХУСАИНОВ, ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ ДӘРМЕН СӘДУАҚАСОВ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОР ӘНУАР ИСМАҒАМБЕТОВ ТЕ ҚАТЫСТЫ.

«Сіздерді жоғары нәтиже көрсетулеріңізбен құттықтаймын, шын жүректен қуаныштымын. Сіздер Қазақстан шахмат мектебінің әлемдегі ең мықтылардың бірі екенін кезекті рет дәлелдедіңіздер. Спортшыларымыздың халықаралық жарыстарда жеңімпаз болуы, жүлдегер атануы мемлекетіміз

үшін зор мәртебе. Әрине ең үлкен жеңістер алда екеніне сенемін. Жаңа биіктер мен жетістіктер тілеймін!», деді Дәурен Абаев.

Министр спортшылардың үздік нәтижелері шахматты бұрынғыдан да танымал етуге оң әсер ететінін атап өтті. Федерация басшылығымен


әңгімелесу барысында тараптар өзекті мәселелерді, оларды шешу жолдарын, сондай-ақ Қазақстандағы осы спорт түрінің даму келешегін талқылады.

Сонымен қатар, Федерация басшылығы министрге ірі халықаралық жарыстарға дайындық барысын баяндап, федерацияның алдағы жұмыс жоспарымен таныстырды.

Айта кетейік, 1-4 мамыр аралығында Родос қаласында (Греция) шахматтың рапид және блиц түрінен жасөспірімдер арасында әлем чемпионаты өтті. Бұл турнирге 40 елден 322 спортшы қатысты. Қазақстан намысын 8 спортшы қорғады. Олар 3 алтын (Қазбек Нөгербеков пен Назерке Нұрғали), 1 күміс пен 1 қола Даниял Сапенев жеңіп алды.



МИНИСТРДІҢ КУБОГІН ҚАЖЫМҰҚАН МҰҢАЙТПАСҰЛЫ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ-КОЛЛЕДЖІ ЖЕҢІП АЛДЫ



← 1
Ел спортын дамыту – барлығымызға ортақ міндет. Соның ішінде жастарға саламатты өмір салтын насихаттаудың маңызы айрықша. Тұңғыш рет ұйымдастырылған бұл спартакиада алдағы уақытта еліміздің түкпір-түкпіріндегі болашақ чемпиондардың басын біріктіретін дәстүрлі спорт мерекесіне айналады деп сенемін.
Бір жағынан жасөспірімдер арасында өтіп жатқан бұл кездесулер жеткіншектеріміздің күш-жігеріне ғана емес, жаттықтырушыларының да жұмысына баға беретін жауапты бәсеке деуге болады. Нағыз жан алысып, жан берісетін қызу жекпе-жекте жеңіс тұғырынан көрінген барлық жүлдегерді шын жүректен құттықтаймын», деді министр.
Айта кетейік, 1-4 мамыр аралығында өткен іріктеу кезеңіне республиканың барлық өңірінен 17 команда қатысты. Аймақтық турнир

Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе және Тараз қалаларында өтті.
Финалдық кезеңде медальдар спорттың төрт түрі бойынша ойнатылды: бокс, дзюдо, грек-рим және еркін күрес. Министр кубогінің жалпы жүлде қоры 10 миллион теңгені құрады. 1-орын – 5 миллион, 2-орын – 3 миллион, 3-орын – 2 миллион теңге.
Жарыс қорытындысы:
1 орын – Қ.Мұнайтпасұлы атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі (Нұр-Сұлтан қаласы);
2 орын – Кәрік Ахметов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі (Алматы қаласы);
3 орын – Қызылорда облысының «Жалаңтөс Баһадүр атындағы олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» КММ (Қызылорда облысы).



КОМАНДАЛАР ҮЗІЛІСКЕ КЕТТІ

12-ТУРДАН KEЙІН ПРЕМЬЕР-ЛИГА КОМАНДАЛАРЫ ҰЛТТАР ЛИГАСЫНЫҢ ОЙЫНДАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ 20 МАУСЫМҒА ДЕЙІН ҮЗІЛІС АЛДЫ

12-ТУРДА ЕКІ ОЙЫН KEЙІНГЕ ШЕГЕРІЛДІ. «ОРДАБАСЫ» МЕН «АҚСУ» АРАСЫНДАҒЫ ОЙЫН KEЗІНДЕ ҚАТТЫ ЖЕЛДЕН СТАДИОН ШАТЫРЫ ҚИРАП, ТӨРЕШІ ОЙЫНДЫ ТОҚТАТУҒА МӘЖБҮР БОЛДЫ. ҚҰДАЙ САҚТАП, ӘЙТЕУІР АДАМ ШЫҒЫНЫ БОЛМАДЫ. СОҒДАЙ-АҚ «ТҰРАН» МЕН «АҚТӨБЕ» АРАСЫНДАҒЫ МАТЧ ТА АУА РАЙЫНЫҢ ҚОЛАЙСЫЗДЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ KEЙІНГЕ ШЕГЕРІЛДІ.

«АТЫРАУ» АЛФА ЖЫЛЖЫП КЕЛЕДІ

«Атырау» осымен алтыншы ойын қатарынан жеңілмей келеді. Соңғы рет «Ақжайық» пен «Каспийге» қарсы өткен ойында жеңіліс тапқан атыраулық аяқдопшылар одан бері жеңіліс дегенді ұмытты. Константин Горovenko жаттықтыратын команда алдымен «Тобылдың» тоқтатса, кейіннен «Қайратқа» күйрете соққы берді. Енді міне, «Астанамен» өткен ойында да елордалықтармен терезесі тең өнер көрсетті. Тіпті «Атыраудың» «Астанадан» айналып асыратындай да мүмкіндігі болған еді. Ойынның 75-минутында биылғы маусымның сұрмергені, хорватиялық Андрия Филипович есеп ашып, алаң иелерін жеңіске біртәуір жақындатып қойған еді. Бірақ, «Астана» ойынның соңғы минутында таразы басын теңестіріп, «Атырауды» үш ұпайдан айырды.

Дегенмен, «Атыраудың» жоғалтқан ештеңесі жоқ. Команда 12 ойыннан 19 ұпай жинап, турнир кестесінің төртінші сатысында келеді. Көш бастап келе жатқан «Каспийден» үш ұпайға ғана қалып тұр. 21 маусымда олар олар «Ақтөбені» өз алаңында қабылдайды.

«АТЫРАУ» (Атырау) – «АСТАНА» (Нұр-Сұлтан) – 1:1

Гол соққандар: Филипович, 75 (1:0), Басманов, 90+4 (1:1)

«Атырау»: Айрапетян, Антанавичюс, П.Барановский, Бисси, Набиханов, Петрович, Плетнёв (Катрич, 71, Сейтқалиев, 83), Соколенко (Қалмұратов, 90+1), Тақұлов, Тарасов, Филипович (Тұрысбек, 90+1);

«Астана»: Милошевич, Дарабаев, Кусяпов, Манзорро, Влут, Оганесян, Рахманов, Совет (Брайан, 62), Томасов, Эбонг (Айымбетов, 81), Эужениу (Басманов, 90+2);

Ескерту: Набиханов, 33, Тарасов, 51, Соколенко, 66, Плетнёв, 68, Тақұлов, 73, Филипович, 82, Петрович, 89 – Рахманов, 68; 73-минутта Манзорро («Астана») алаңнан қуылды.

Төреші: Р.Омаров (Алматы)

Атырау. «Мұнайшы» стадионы. 5000 жанкүйер.

«КАСПИЙ» КӨШ БАСТАДЫ

Ақтаудың «Каспий» клубы үзіліске көшбасшы команда ретінде кетті. 12-турда олар басты

қарсыласы «Таразды» 2:1 есебімен тізе бүктірді.

Бұл ойында «Тараздың» екі бірдей ойыншысы дөрекілігімен көзге түсіп, алаңнан қуылды. Алдымен Елдос Ахметов 24-минутта бірден қызыл қағаз алса, 29-минутта Бауыржан Байтана екінші ескертуін алды да, командаластарын тығырыққа тіреді.

Есепті сербиялық легионер Никола Цуцкич ашты. Арада жеті минут өткенде Павел Киреенко есепті еселеді. Алаңда сегіз футболшымен ойнаған «Таразға» таразы басын теңестіруге алаң иелері мүмкіндік бермеді. Тек ойынның 92-минутында Мақсат Әмірханов бір гол соғып, есеп айырмасын қысқартты.

«КАСПИЙ» (Ақтау) – «ТАРАЗ» (Тараз) – 2:1

Гол соққандар: Цуцкич, 26 (1:0), Киреенко, 33 (2:0), Әмірханов, 90 (2:1);

Ойынның 26-минутында Тәйкенов («Каспий») 11 метрлік айып добын орындай алмады.

«Каспий»: Аязбаев, Ардашивили (Қабылан, 61), А.Барановский (Қадырбаев, 85), Т.Бондаренко (Әділ, 79), Дмитренко, Киреенко (Арменов, 61), Е.Нұрғалиев, Нүсіп (Конлимкос, 79), Тәйкенов, Тигруджа, Цуцкич;

«Тараз»: Сейсен, Ахметов, Байтана, Гадрани (Ж.Жақсылықов, 87), Джуниор, А.Жұмабек (Әмірханов, 68), Ә.Кенесбек, Қожамберді (Сүлей, 57), Айтбаев, Таубай (Қалдыбеков, 46), Шахметов (Нұрдаулет, 57);

Ескерту: Е.Нұрғалиев, 61 – Шахметов, 25, Тайбай, 36;

Ойынның 24-минутында Ахметов («Тараз»), 29-минутында Байтана («Тараз») алаңнан қуылды.

Төреші: А.Затула (Өскемен);

Ақтау. «Жас Қанат» стадионы. 3200 жанкүйер.

КӨПТЕН КҮТКЕН ЖЕҢІС

«Қайраттың» 12-турға дейінгі статистикалық көрсеткіші мез емес еді. Алты ойын бойы жеңіске жете алмай келді. Арасында «Астанадан» 0:6 есебімен жеңілгені тағы бар.

Бұл жолы Құрбан Бердыев баптайтын алматылықтар жеңіссіз серияға нүкте қойды. Қарағандының «Шахтерімен» жасыл алаңға шыққан олар қарсыластарының қақпасына жауапсыз екі доп соқты. 15-минутта Виктор Васин есеп ашты. Ал ойын аяқталуға бес минут



қалғанда Жуан Пауло «Шахтер» қақпасына екінші голды соғып, ойын тағдырын түпкілікті шешіп тастады.

Ойыннан кейін журналистерге сұхбат берген команданың сұрмергені Хосе Канте Премьер-лигадағы үзіліс «Қайратқа» оң әсерін тигізетінін айтты. «Жеңіссіз серияның тоқтағанына қуаныштымын. Енді бізге осы үзілісті пайдаланып, қателікпен жұмыс істеу керек. Біраз күн елге барып, уақытымды отбасымен бірге өткіземін. Одан кейін тың серпінмен, жақсы көңіл-күймен оралатын боламын. Маусым басында команданың алдына қойған мақсаты өзгерген жоқ. Біз әлі де чемпиондық атаққа таласамыз. Мен оған сенімдімін», деді Х.Канте.

«ҚАЙРАТ» (Алматы) – «ШАХТЕР» (Қарағанды) – 2:0

Гол соққандар: Васин, 15 (1:0), Жуан Пауло, 85 (2:0);

Қайрат: Устименко, С.Астанов, Буранчиев, Васин, Гуральский, Канте (Алыкулов, 69), Қасаболат, Кейлер, Жуан Пауло, Рикарду Алвес, Шушеначев;

Шахтер: Шацкий, Габышев (Хозин, 69), Граф, Досмағамбетов, Каньяс, К.Маляров, Муртазаев (Свиридов, 81), Назымханов (Рустемович, 46), Тәттібаев (Жаңғылышбай, 81, Аветисян, 86), Чочис, Буқорац.

Ескерту: Кейлер, 9 (1), Канте, 54 (4) – Досмағамбетов, 22 (4), Граф, 83 (3);

Төреші: Д.Тевяшов (Орал);

Алматы. Орталық стадион. 4200 жанкүйер.

ЖАНКҮЙЕРЛЕРІН АЯП ЖАТҚАН «АҚЖАЙЫҚ» ЖОҚ

«Қызылжар» биыл Конференция лигасында бақтарын сынайтыны баршамызға мәлім. Жарысты іріктеу кезеңінен бастайтын петропавлдық футболшылардың қазіргі ойынмен топтық кезеңге баруы екіталай. Іріктеудің алғашқы кезеңінен өтсе, «Қызылжар» үшін соның өзі қуаныш.

Әли Әлиев жетекшілік ететін команда қатарынан төрт ойынды тең аяқтаған еді. 12-турда олар көптен күткен жеңістерін тойлады. Өз алаңында «Ақжайықты» қабылдаған Әлиев шәкірттері оралдықтарды 2:0 есебімен ұтты.

«Ақжайықтың» түр өткен сайын жағдайы қиындап барады. Өткенде өз алаңында «Мақтааралды» ұта алмағанда жергілікті жанкүйерлер өре түрегелген еді. Әзірге одан еш нәтиже болмай тұр. Қатарынан бес ойында жеңіс көрмеген оралдықтар турнир кестесінің 13-сатысынан орын алды.

«ҚЫЗЫЛЖАР» (Петропавл) – «АҚЖАЙЫҚ» (Орал) – 2:0

Гол соққандар: Зорич, 5 (1:0), Жиан, 79 (2:0);

«Қызылжар»: Лобанцев, Гурман, Есімов (Әділов, 90+1), Живкович, Зорич (П.Яковлев, 90+1), Козлов (Мульдинов, 57), Бушман, Жиан (М.Коне, 87), Мурачев, Нколло (Мурза, 57), Подио;

«Ақжайық»: Сикач, Антипов (Сәулет, 46), Бадоян (Газданов, 46), Имнадзе, Каленчук, Б.Омаров, Рафаэл, Сапанов (Црнчевич, 22, Карпенко, 71), Әбдірахманов (Қайров, 74), М.Стаменкович, Шустиков;

Ескерту: Гурман, 37, Есімов, 42 – Қайров, 79;

Төреші: А.Тасыбаев (Павлодар); Нұр-Сұлтан. «Астана Арена» стадионы. 300 жанкүйер.

«ТОБЫЛ» БІРДЕ КӨЛ, БІРДЕ ШӨЛ

Қазақстан Премьер-лигасы басталғанда «Тобылдың» «ағысы» қатты еді. Алайда, соңғы уақытта қостанайлықтардың ойыны сұйылып кетті. Бірде көл, бірде шөл.

12-турда «Тобылдың» қақпасына «Мақтаарал» екі доп соқты. Жоғары топқа биыл ғана қосылған «Мақтааралдың» шабуылына төтеп бере алмаған чемпиондар «кереңгі күні» Чемпиондар лигасында қалай ойнар екен» деген сұрақ көптің көкейінде жүр. Расымен де «Тобылдың» ең әлсіз тұсы – қорғаныс шебі. Дәл қазіргі таңда қақпасына ең көп гол жіберген «Мақтаарал» десек, одан кейінгі орындарды «Қайрат» пен осы «Тобыл» алып тұр.

«ТОБЫЛ» (Қостанай) – «МАҚТААРАЛ» (Мақтаарал) – 4:2

Гол соққандар: Сергеев, 47 (1:0), Брижиду, 55 (2:0), Юденков, 60 (2:1), Сергеев, 68 (3:1), Кәрімов, 76 (3:2), Малый, 88 (4:2);

«Тобыл»: Мокин, Брижиду (Пожег-Ванцаш, 65), Васильев (Жұмашев, 90), Жарынбетов, Йованчич, Қайров (Марочкин, 77), Малый, Аманович, Сергеев, Томашевич, Тошич (Мирошниченко, 77);

«Мақтаарал»: Литовченко, Ахматов, Бобоев (Кәрімов, 46), Алекс Бруно (Пайруз, 65), Арипов, Потапов, Розгонюк, Рүстемов (Западня, 65), Себаихи (Кенжебек, 71), Тұзақбаев (Жұматов, 82), Юденков (к);

Ескерту: Қайров, 70;

Төреші: Т.Құмашев (Нұр-Сұлтан); Қостанай. «Тобыл-Арена». 2000 жанкүйер.

ОЙЫН	КОМАНДА	О	В	Н	П	ГОЛАР	ЖИЛДІ
1	Kaspij	12	7	1	4	15-12	22
2	Astana	12	6	3	3	23-12	21
3	Taraz	12	6	3	3	15-9	21
4	Atyrau	12	5	4	3	16-12	19
5	Tобыл	12	5	3	4	19-16	18
6	Aqtөbe	11	5	2	4	11-14	17
7	Shahter	11	5	1	5	16-14	16
8	Qairat	12	4	4	4	11-16	16
9	Ordabasy	11	4	2	5	14-12	14
10	Aqsý	10	4	1	5	10-10	13
11	Qyzyljar	12	2	6	4	12-15	12
12	Turan	10	2	5	3	6-9	11
13	Aqjaуq	11	3	2	6	4-10	11
14	Maqtaaral	12	2	3	7	10-21	9

ҮЗДІК СҰРМЕРГЕНДЕР

9 гол	Андрия ФИЛИПОВИЧ	шабуылшы
8 гол	Педро ЭУЖЕНИО	шабуылшы
7 гол	Серж НЬЮАДЗИ	шабуылшы
5 гол	Хосе КАНТЕ	шабуылшы
5 гол	Юрий БУШМАН	қорғаныс
5 гол	Марин ТОМАСОВ	жарталы қорғаныс
5 гол	Игорь СЕРГЕЕВ	шабуылшы

Бетті дайындаған – Едіге ОРАЗ

ҚАЗАҚСТАН-ӘЗЕРБАЙЖАН: ДЕРЕКТЕР НЕ ДЕЙДІ?

УЕФА ҰЛТТАР ЛИГАСЫ АЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ 3 МАУСЫМ КҮНІ ӘЗЕРБАЙЖАНҒА ҚАРСЫ АЛАҒҒА ШЫҒАДЫ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ 25 МАМЫРДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫ ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫН БАСТАДЫ. ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫНА ЖАРАҚАТ АЛҒАН ҚОРҒАУШЫ МАРАТ БЫСТРОВ ПЕН ОТБАСЫ ЖАҒДАЙЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАҚПАШЫ СТАС ПОКАТИЛОВ КЕЛЕ АЛМАЙДЫ. ОЛАР АЛДАҒЫ ОЙЫНДАРҒА ҚАТЫСПАЙДЫ. АЛ НҰРӘЛІ ӘЛІП ҚАТАРҒА 29 МАМЫР КҮНІ ҚОСЫЛАДЫ.

Екі құрама командалар алғаш рет 2004 жылы 28 сәуірде Алматыда өткен жолдастық матчта кездесті. Қазақстан құрамасының жетекшісі тарихтағы алғашқы шетелдік жаттықтырушылардың бірі Ресейден келген Леонид Пахомов болды. Сонымен қатар, бұл оның еліміздің ұлттық құрамасының бапкері ретіндегі соңғы матчына айналды. Матч Әзербайжаннан келген қонақтардың пайдасына 3:2 есебімен аяқталды. Біздің команда құрамында Андрей Карпович пен Евгений Лунев гол соқты.

ҚАЗАҚСТАН – ӘЗЕРБАЙЖАН – 2:3 (0:1)

Голдар: Нәбиев 33 (0:1), Карпович 56 (1:1), Гулиев 60 (1:2), Лунев 80 (2:2), Садыков 85 (2:3);

Ескертулер: Карпович, 41 – Керимов, 7, Әмірбаев, 55, Абасов, 69, Крамаренко, 87;

Алаңнан қуылғандар: Абасов, 81;

Қазақстан: Новиков, Смаков, Ирисметов, Мусин, Лотов (Лунев, 62), Балтиев, Карпович, Жұмасқалиев (Низовцев, 46), Аксенов, Гаркуша (Авдеев, 63), Тлехугов.

Бас бапкер – Л. Пахомов;

Әзербайжан: Крамаренко, Шукуров, Амирбаев, Абасов, Садыков, Хусейнов (Пономарев, 46), Керимов (Султанов, 87), Э.Гулиев, Набиев (И. Гурбанов, 79), М. Гурбанов (Абдуллаев, 90+2), Рамазанов (Мусаев, 72).

Бас бапкер – К. А. Торрес;

Төреші: Қадыр Шыныбеков (Қырғызстан);

28.04.2004. Алматы, «Орталық» стадионы. 300 көрермен.

Еуропа чемпионатының іріктеу матчтарында екі елдің командалары төрт рет кездесті. Солардың алғашқысы 2006 жылы 6 қыркүйекте Бакуде өтті, ойын нәтижесі – 1:1. Әзербайжан құрамасынан бразилиялық Андре Ладага мен біздің Дмитрий Бяков 20 минуттық айырмашылықпен гол соқты.

ӘЗЕРБАЙЖАН – ҚАЗАҚСТАН – 1:1 (1:1)

Голдар: Ладага 16 (1:0), Бяков 36 (1:1);

Ескертулер: Гомес, 19-Балтиев, 78, Хохлов, 90+1;

Әзербайжан: Велиев, Соколов (Музыка, 60), Керимов, Рус. Аббасов (Меликов, 46), Чертоганов, Андре Ладага, И.Гурбанов, Имамалиев, Султанов (С. Мусаев, 67), Джавадов, Леандру Гомес.

Бас бапкер – Шахин Диниев;

Қазақстан: Лория, Е.Азовский, Кучма, Жалмағамбетов, Смаков, Карпович (Травин, 68), Сергиенко, Хохлов, Бяков, Балтиев, Жұмасқалиев (Утабаев, 76).

Бас бапкер – Арно Пайперс;

Төреші: Жолт Сабо (Венгрия);

06.09.2006. Баку, Т. Бахрамов атындағы Республикалық стадион. 15 000 көрермен.

Қарымта кездесу 2007 жылы 6 маусымда Алматыда өтіп, дәл осындай нәтижемен аяқталды – 1:1. Голдардың авторлары Вугар Надиров пен Руслан Балтиев болды.

ҚАЗАҚСТАН – ӘЗЕРБАЙЖАН - 1:1 (0:1)

Голдар: Надыров 30 (0:1), Балтиев 53 (1:1);

Ескерту: Э. Гулиев 70;

Алаңнан қуылғандар: Жалмағамбетов 44;

Қазақстан: Лория, Ирисметов, Кучма, Жалмағамбетов, Смаков, Жұмасқалиев (Утабаев, 90+3), Чичулин, Карпович, Балтиев, Остапенко (Тлешев, 79), Бяков.

Бас бапкер – Арно Пайперс;

Әзербайжан: Гасанзаде, Р.Гулиев, С. Аббасов, А. Керимов (Имамалиев, 58), Гашимов, Э. Гулиев, Сұлтанов (А. Гурбанов, 74), Чертоганов, Р. Аббасов, Надыров (Х. Мамедов, 84), Субашич.

Бас бапкер – Шахин Диниев;

Төрешілер: Альбер Туссен, Франсуа Манжан және Кристиан Холтген (барлығы – Люксембург);

06.06.2007. Алматы, Орталық стадион. 11 800 көрермен.

Қазақстан мен Әзербайжанның ойын тарихында «Алма-ТВ кубогында» (2007 жылғы 9 наурызда Шымкент қаласында бір рет өткізілген турнир) ойындар болды. Финалдық матчтың негізгі уақытының соңында тартысты ойынның тағдырын Андрей Финонченконың соққысы шешті. 1:0 есебімен жеңіске жеткен турнир иелері «Алма-ТВ кубогына» ие болды.



ҚАЗАҚСТАН – ӘЗЕРБАЙЖАН – 1:0 (0:0)

Голдар: Финонченко 80 (0:1);

Ескертулер: Балтиев 35, Әшірбеков 64, Кучма 86 – Аббасов 29, К. Керимов 34, Чертоганов 53, Бахшиев 84;

Қазақстан: Лория, Е.Азовский, Кучма, Жалмағамбетов, Ирисметов, Скорых, Балтиев, Сергиенко (Смаков, 62), Жұмасқалиев (Камелов, 83), Әшірбеков (Утабаев, 71), Сүймағамбетов (Финонченко, 79).

Бас бапкер – А. Пайперс;

Әзербайжан: Велиев, Перейра, Ладага (Бахшиев, 71), Р.Гулиев (Амаргулиев, 88), А. Керимов, Аббасов, Султанов (Джавадов, 75), Гомес, Имамалиев (Гашимов, 72), К. Керимов (Субашич, 70), Чертоганов.

Бас бапкер – Шахин Диниев;

Төрешілер: Машенцев, Кануров, Жанибеков (барлығы – Қырғызстан);

09.03.2007. Шымкент, Қажымұқан атындағы стадион. 4 500 көрермен.

Еуропа чемпионаттары мен басқа да халықаралық турнирлер шеңберіндегі кездесулерден басқа, қазақстандықтар мен әзербайжандар жолдастық матчтарды да өткізді. Олардың қатарында 2008 жылы 3 ақпанда Түркияның Анталия қаласында өткен ойын бар. Сол кездесуде қарсыластар бір-бірінің қақпасына гол соға алмады. Мүмкіндіктер жеткілікті болды. Олардың ішінде 62-минутта қазақстандық команданың қақпасына пенальтиден мүлт кеткен соққы болды. Матч нәтижесі – 0:0.

ӘЗЕРБАЙЖАН – ҚАЗАҚСТАН – 0:0 (0:0)

Пенальтиден мүлт кеткен: Рамазанов 62;

Әзербайжан: Велиев, Меликов, Юнусов (Амирбеков, 46), Э.Гулиев, М. Гурбанов, Ас.Керимов (к) (Чертоганов, 26), Р. Гулиев (И. Гурбанов, 85), Аббасов, Рамазанов, Субашич, Х. Мамедов (Пономарев, 74).

Бас бапкер – Гьокцида Хаджиевски;

Қазақстан: Мокин, Смаков, Кучма, Жалмағамбетов, Е.Азовский, Балтиев, Асанбаев (Ларин, 82), Родионов (Травин, 68), Жұмасқалиев (к), Остапенко (Сүймағамбетов, 85), Бяков (Әшірбеков, 74).

Бас бапкер – Арно Пайперс;

Төреші: Камил Аби-оглы (Түркия)

03.02.2008. Анталия (Түркия), «WOW SportCentre» алаңы. 1 500 көрермен.

Еуропа чемпионатының шеңберіндегі келесі кездесу 2011 жылы өтті. 3 маусымда қазақстандықтар еліміздің бас стадионында 2:1 есебімен жеңіске жетті. Республиканың бас командасының дебютанттары Роман Нестеренко, Марат Хайруллин, Ұлан Қонысбаев және Сергей Гридин бастапқы құрамда ойынға шықты. Бұл кездесуде Гридин дубльмен ерекшеленді.

ҚАЗАҚСТАН – ӘЗЕРБАЙЖАН – 2:1 (0:0)

Голдар: Гридин 57 (1:0), Надыров 63 (1:1), Гридин 68 (2:1);

Ескертулер: Шмидтгаль 77;

Қазақстан: Нестеренко, Логвиненко (Рожков, 65), Мұхтаров, Нұрдулаев (к), Гетериев, Смаков, Шмидтгаль, Хайруллин (Киров, 82), Қонысбаев, Гридин, Остапенко (Хижниченко, 79).

Бас бапкер – Мирослав Беранек;

Әзербайжан: Агаев, Меликов, Р.А. Садыгов, Джавадов, Алиев (М. Гусейнов, 79), Р. Ф. Садыгов (к), Абышев, Д. Гусейнов (Надыров, 61), Медведев, Левин, Исмаилов.

Бас бапкер – Берти Фогтс;

Төреші: Юэн Норрис (Шотландия);

03.06.2011. Астана, «Астана Арена» стадионы. 14 900 көрермен.

2011 жылдың 6 қыркүйегінде командалар Бакуде қарымта матч өткізді. Өкінішке қарай, біздің футболшылар 2:3 есебімен ұтылды. Сергей Остапенко мен Виталий Евстигнеев еуропалық турнирде ел сенімін ақтауға тырысты. Ұлттық құрамада алғашқы ойынның өткізген Евстигнеев 77-минутта алаңға шығып, бірінші соққысымен қарсыласының қақпасын дәл нысанаға алды. Бұл матчта ұлттық құраманың бастапқы құрамында Марк Гурман, Марат Шаяхметов және Серікжан Мұжықов секілді жаңа футболшылар алаңға шықты.

ӘЗЕРБАЙЖАН – ҚАЗАҚСТАН – 3:2 (0:1)

Голдар: Остапенко 20 (0:1), Алиев 53 (1:1), Шукуров 62 пенальтиден (2:1), Джавадов 68 (3:1), В. Евстигнеев 77 (3:2);

Ескертулер: Шукуров 88 – Логвиненко 50, Гурман 78;

Әзербайжан: Агаев, Набиев (Юнисов, 13), Р.Ф. Садыгов (к), Шукуров, В. Гусейнов, Исмаилов (Абышев, 87), Амиргулиев, Чертоганов (Субашич, 46), Будак, Джавадов, Алиев.

Бас бапкер – Берти Фогтс;

Қазақстан: Мокин, Киров, Логвиненко, Рожков (В.Евстигнеев, 77), Гурман, Нұрдулаев (к), Шахметов (Мужиков, 70), Қонысбаев, Көкеев (Хайруллин, 59), Гридин, Остапенко.

Бас бапкер – Мирослав Беранек;

Төреші: Андерс Хермансен (Дания);

06.09.2011. Баку, Т. Бахрамов атындағы республикалық стадион. 12 000 көрермен.

Екі елдің тағы бір жолдастық матчы 2016 жылдың 26 наурызында Түркиядағы Белек қаласында өтті. Ойын алдында Қазақстан құрамасын бірқатар дебютанттар толықтырды. Олардың арасында Владимир Плотников, Альмир Мухутдинов, Еркебұлан Тұңғышбаев, Роман Муртазаев және Жасұлан Молдақараев болды.

Бұл жолы қазақстандықтар жылдам қозғалып, гол ұйымдастыра алды. Кездесудің 8-минутында Максат Байжанов Камран Агаевтың қақпасына баспен гол соқты. Есеп – 1:0.

ӘЗЕРБАЙЖАН – ҚАЗАҚСТАН – 0:1 (0:1)

Голдар: Байжанов 8;

Ескертулер: Куат 86;

Әзербайжан: Агаев, Медведев (Мирзабеков, 46), Гусейнов (к), Садылов (Гүлиев, 46), Дашдамиров, Гараев (Абишов, 73), Назаров, Абдуллаев (Мамедов, 69), Исмаилов (Алескерев, 61), Рамазанов (Тагиев, 46), Гурбанов.

Бас бапкер – Роберт Просинечки (Хорватия);

Қазақстан: С. Покатилов, Шомко, Логвиненко, Малый, Е. Ахметов, С. Мужиков (Сүйімбаев, 76), Смаков (к) (Тағыбергел, 88), М. Байжанов (Куат, 59), Қонысбаев (Досмағамбетов, 67), Исламхан (А. Нұрғалиев, 64), Хижниченко (А. Шеткин, 71).

Бас бапкердің міндетін атқарушы – Талғат Байсуфинов;

Төрешілер: Али Палабийик (Түркия);

26.03.2016. Анталия, Gloria Sports Arena.

Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы матчтардың тарихы 2018 жылдың 5 маусымында Астана қаласында өткен матчпен қорытындыланады. Қазақстандықтар үшін кездесу қызу және нәтижелі басталды. Роман Муртазаев пен Серікжан Мужиковтың талпыныстарының арқасында 14-ші минутта алаң иелерінің пайдасына есеп 2:0 болды. 90-минутта Қазақстан құрамасының басымдығын арттырған Бақтиер Зайнутдинов бұл кездесудің шешуші нүктесін қойды. Қазақстан құрамасы жолдастық кездесуде Әзербайжанды 3:0 есебімен жеңді.

ҚАЗАҚСТАН – ӘЗЕРБАЙЖАН – 3:0 (2:0)

Голдар: Мұртазаев 12 (1:0), Мужиков 13 (2:0), Зайнутдинов 90 (3:0);

Ескертулер: Тұңғышбаев 47- Халилзаде 35;

Қазақстан: Эрич, Шомко (Сүйімбаев 52), Малый, Постников, Бейсебеков, Куат (Логвиненко 70), Мужиков (Зайнутдинов 63), Исламхан (Вороговский 90), Мұртазаев, Тұңғышбаев (Жуков 52), Шеткин (Тұрысбек 81).

Бас бапкер – Станимир Стойлов (Болгария);

Әзербайжан: Агаев, Гараев, Абышев (Шейдаев 73), Медведев, Гурбанов (Аббасов 46), Халилзаде, Гусейнов (Имамвердиев 63), Абдуллаев (Алескерев 63), Назаров (Диниев 46), Гурбанов (Шейдаев 72), Мадатов.

Бас бапкер – Гурбан Гурбанов;

Бас төреші: Александр Тянь (Молдова);

05.06.2018. Астана, «Астана Арена» стадионы.

КЕЗДЕСУЛЕР КЕСТЕСІ:

Құрама	О	Ж	Т	Ж	Д/А	Ұ	ФИФА рейтингіндегі орны
Қазақстан	9	4	3	2	13-9	15	125
Әзербайжан	9	2	3	4	9-13	9	129



СПОРТ ТА ЖҮРЕГІНЕ ЖАҚЫН...

КӨРНЕКТИ ҚАЛАМҒЕР ЖАНАТ ЕЛШІБЕКТИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН БІР ҮЗІК СЫР

...1974 ЖЫЛДЫҢ КҮЗ АЙЫ. ҚАЗМУ-ДІҢ ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІН БІТІРІП, ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ «КОММУНИЗМ ТУЫ» ГАЗЕТІНІҢ СЕКРЕТАРИАТЫНДА ЕКІ-ҮШ АЙ ҚЫЗМЕТ ІСТЕП ЖҮРГЕН ЖЕРІМНЕН СОЛ КЕЗДЕГІ ОБЛЫСТЫҚ РАДИОНЫҢ ҚАЗАҚ БӨЛІМІНІҢ БАС РЕДАКТОРЫ ҚАМЗА ҚАСЫМОВ ДЕГЕН АҒАМЫЗ ТІЛШІЛІК ҚЫЗМЕТІНЕ ШАҚЫРЫП АЛДЫ. АРАДА БІРЕР КҮН ӨТКЕН СОҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАҒЕРІ, БАСШЫМЫЗ ҚАМЗА АҒАМЫЗ АЛҒАШҚЫ ТАПСЫРМАСЫН БЕРДІ.

— «Лениншіл жас» газетін оқитын шығарсың? — деп бетіме сынап қарады. Ішім қылп ете қалды. Журналистік жолды енді бастаған, үй-күйі, нақты мекенжайы жоқ мен газетке қалай жазыламын? Бірақ сол кездері жастар газетінің атағынан ат үркетін, жастардың проблемалары мен елде болып жатқан жаңалықтар мен кемшіліктерді батыл көрсететін басылымды оқитыным рас, «оқимын, аға» деп жауап бердім.

— Онда жақсы. Жаңа ғана облыстық комсомол комитетінің жастар бөлімінен телефон шалып, «Лениншіл жас» газетінің журналисі Жанат Елшібеков басқарған экспедицияның Зайсан ауданына барып, жаңадан құрылған комсомол-жастар бригадасы, ауыл спортының хал-ахуалы жайлы арнаулы бет беретіні жайлы хабарлады. Мұндай жаңалықтан қалай тыс қаламыз, сен Жанатпен жолығып, радиого сұхбат ұйымдастырып кел, — деді.

Жанат ағамен таныстым, аузын ашса жүрегі көрінетін, аңқылдаған, менен үш жас үлкен азамат екен. Жас болса да ол кісінің терең біліміне, көп білетініне таң қалдым. Әсіресе, спорт тақырыбын жетік білетініне риза болдым. Жәкең Талдықорғанның азаматы, өз жерлестері атақты балуандар Әбілсейіт Айханов, Аманжол Бұғыбаев туралы әңгіме айтқанда, майын тамызып, қызықтыра түсті. Суыртпақтап өзі туралы сұрағанымда, білгенім, ҚазПИ-дің соңғы курсында оқып жүргенінде Шераған «Лениншіл жас» газетіне қызметке шақырыпты. Артынша газетке қазақ спортының көшбасшысы Сейдахмет Бердіқұлов бас редактор болып келген көрінеді. Алтыншы сыныпта оқып жүрген кезде «Қазақстан пионері» газетіне мақалалары мен сөзжұмбақтары, ребустары шығып, жұрт көзіне іліне бастаған. Сейдаған Жанаттың спорт тақырыбына қанық екенін білсе де, ең алдымен секретариаттың көрігін қыздырып алады. Ол жайлы Жәкең былай деп еске алады.

— Газеттің әр басшысының өз жұмыс стилі, басқару әдісі болады, — дейді сол кезді еске алған Жанат ағамыз. — Сейдағанның ерекше бір қасиеті ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітіріп келген түбіт иек журналисті алдымен секретариатқа жіберіп, макет жасау, мақаланы маңызды мен сапасына қарай қай бетке орналастыру керек екеніне үйретеді. Біраз уақыт өткен соң газеттің комсомол-жастар, ауыл шаруашылығы, спорт, басқа бөлімдеріне жіберіп, бесасап маман болып шығуына көңіл бөледі. Себебі кез келген журналист мейлі экономика, мейлі ауыл шаруашылығы, мейлі, спорт тақырыбына болсын еркін көсілуі тиіс. Секретариатта тәжірибе жинаған соң басшымыз мені жауапты хатшының орынбасары, сосын спорт, патриоттық тәрбие беру бөліміне меңгеруші етіп тағайындады. Сейдаған мақаланы өзі оқып шығатын, сапалы болса қуанып, кемшілігі болса шақырып алып, ақыл-кеңесін беретін. Ол кезде мемлекет спорттан қаржыны аямайтын, ел саңлақтары Олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттарында, халықаралық жарыстарда топ жаратын.

Жана бөлімге басшы болған Жәкең іске білек сыбана кіріседі. Мектепте оқып жүрген кезде дойбы, шахмат ойнап, үстел теннисі, шаңғымен айналысқан, жеті шақырым жердегі мектепке кейде жаяу, кейде велосипедпен қатынап, өзін сергек те сезімтал сезінетін, өзінің ойлау қабілетін шындаған ағамыз ауыл спортының



— Газеттің әр басшысының өз жұмыс стилі, басқару әдісі болады, — дейді сол кезді еске алған Жанат ағамыз. — Сейдағанның ерекше бір қасиеті ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітіріп келген түбіт иек журналисті алдымен секретариатқа жіберіп, макет жасау, мақаланы маңызды мен сапасына қарай қай бетке орналастыру керек екеніне үйретеді. Біраз уақыт өткен соң газеттің комсомол-жастар, ауыл шаруашылығы, спорт, басқа бөлімдеріне жіберіп, бесасап маман болып шығуына көңіл бөледі. Себебі кез келген журналист мейлі экономика, мейлі, ауыл шаруашылығы, мейлі спорт тақырыбына болсын еркін көсілуі тиіс. Секретариатта тәжірибе жинаған соң басшымыз мені жауапты хатшының орынбасары, сосын спорт, патриоттық тәрбие беру бөліміне меңгеруші етіп тағайындады. Сейдаған мақаланы өзі оқып шығатын, сапалы болса қуанып, кемшілігі болса шақырып алып, ақыл-кеңесін беретін. Ол кезде мемлекет спорттан қаржыны аямайтын, ел саңлақтары Олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттарында, халықаралық жарыстарда топ жаратын.

мүшкіл жағдайы туралы мақалалар ұйымдастыруды қолға алады. Тиражы 300 мың дана жастар газетінде жаңадан «Топ жарған», «Спорт қаһармандары», «Қазақ спорты қайда барасың?» атты айдарлар ашылып, саңлақтар жайлы көлемді очерктер оқырмандардың қызығушылығын тудырады. Әлемдегі ең биік Эверест шыңын бағындырған атақты альпинист Қазбек Уәлиев, атақты балуандар Ә.Айханов, Ө.Ғабсаттаров, А.Бұғыбаев, тағы басқа да топ жарған саңлақтар жайлы танымдық мақалалар жастар газетінде апта сайын беріліп, оқырмандардың ілтипағына бөлене бастады. Жанат Елшібектің Қарлығаш Қалиева, Н.Ильенко, Грузияның атақты шахматшысы, әлем чемпионы Майя Чебурданидзе жайлы жазған очерктері мен сұхбаттары «Социалистік Қазақстан» газеті мен «Жалын» журналында жарық көреді. Жәкең Кенді Алтайға да сан рет іссапармен келіп, Катонқарағайдың малшылары, ну орманның проблемасы жайлы бірнеше көлемді мақалалар берді.

— Қанатымды қатайтқан, журналистік шеберлігімді шыңдаған қазақ спорты журналистикасының көшбасшысы Сейдағанның келбеті көз алдымда, — дейді Жанат аға өткенге көз жүгіртіп. — «Лениншіл жас» газетінде тоғыз жыл қызмет істептім. Бірге қызмет еткен әріптестерім ол кезде шаршап-шалдығуды білмейтін, қай жерде жаңалық бар екенін білсе, жедел репортаждар ұйымдастыратын. Ал жастар газетінде тізе қосып бірге қызмет еткен әріптестерім, қаламы ұшқыр қаламгерлер Оралхан Бөкеев, Сағат Әшімбаев, Ырым Кененбаев, Әшірбек Көпішев, Жұмағұл Солтиева, Мазира Қожахметова, Жарылғап Бейсенбайұлы, Жақау Дәуренбеков кейіннен еліне елеулі, халқына қалаулы азамат атанды. Жерлестеріңіз, есімі елге кеңінен таныс Оралхан Бөкей, Марат Қабанбаев шырайлы Шығыс жайлы айтқан кезде елеңдеп, Алтайға барғымыз келетін. Бардық та, көрдік те, табиғаты көркем өңірден шыққан жазушыларға шабыт берген қасиетті өңір екеніне көз жеткізетінбіз. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, талантты жазушы Әлібек Асқаровты шәкіртім деп айта аламын. Ұстазым Сейдаған

өз тәжірибесін үйретуден жалықпайтын, бізді қамшылап отыратын. Осыдан бірер жыл бұрын «Жұлдыз» журналында өзімнің ұстазым, жастар газетінде бірге қызмет еткен әріптестерім жайлы «Найзағай жаралаған егіз қайың» атты хикаятым жарық көрді. Сейдағанның көзін көрген, ондаған шәкірті телефон шалып, ыстық ықыластарың білдіріп жатыр. Шынында да қазақ спорты журналистикасының көшбасшысы Сейдахмет Бердіқұлов туралы бұрындары қаламгерлер түрлі жанрда қалам сілтеп келсе, әдеби-көркем шығармалар жазылмаған екен. Сейдағанның шығармашылығы, спорт тақырыбына жазған әдеби-көркем туындылары, публицистикалары, жастар газетінің қалыптасуы, ізденісі мен қол жеткен табыстары, жас журналистердің шеберлігін арттырудағы тәжірибесі жайлы хикаятта толық қамтылған.

...1977 жылы Жанат Елшібековті қазақ баспасөзінің кара шаңырағы

— Шынында да қазақ спорты журналистикасының көшбасшысы Сейдахмет Бердіқұлов туралы бұрындары қаламгерлер түрлі жанрда қалам сілтеп келсе, әдеби-көркем шығармалар жазылмаған екен. Сейдағанның шығармашылығы, спорт тақырыбына жазған әдеби-көркем туындылары, публицистикалары, жастар газетінің қалыптасуы, ізденісі мен қол жеткен табыстары, жас журналистердің шеберлігін арттырудағы тәжірибесі жайлы хикаятта толық қамтылған.

«Социалистік Қазақстан» газетінің көркемдеу-безендіру бөлімінің меңгерушісі қызметіне шақырады. «СҚ-ның» бет-бедері тіпті айшықтана түсті. Соңынан оперативті жаңалықтар, туризм, спорт бөлімі басшылығы қызметіне ауысады. Бұл кезде Мәскеудегі Жазғы Олимпиада ойындарының ашылуына екі жылдан сәл астам уақыт қалған. «Лениншіл жас» газетінің бірнеше бөлімінде жемісті қызмет етіп, спорт тақырыбын дендетіп жазып көзге түскен журналисті сол кездегі бас газеттің басшысы, қайраткер Сапар Байжанов ерекше құрметтейді, қиын да күрделі мақалалар жазуға тапсырма беріп тұрады. Бөлім

меңгерушісі қазақ елі саңлақтарының Олимпиада ойындарына дайындығы, кейін дүбірлі додада топ жарған Жақсылық Үшкөмпіров, Шәміл Серіков, боксшы Серік Қонақбаев, тағы басқа саңлақтар туралы очерктер бере бастады. Жәкеңнің атақты альпинист Қазбек Уәлиев туралы жазған «Мұзбалақ» атты очеркі газет оқырмандарын елең еткізді. Редакция поштасына Қазбек туралы білгілері келетін, мекенжайын беруді өтінген хаттар топырлап түсе бастайды. «СҚ-да» апта сайын спорт беті тұрақты шығып, оқырмандар ықыласына бөленеді. Мұның алдында сөзжұмбақ, ребус, чайнборд құрастырумен айналыса бастаған Жәкең артынша спорт, табиғаттың адам таңғаларлық оқиғалары, хайуанаттар мен жануарлар дүниесінің ғажайыптары, танымдық жұмбақтар құрастырып, шап басып, құмға сіңген тарих беттеріне жан бітіріп, бірнеше кітап шығарды.

— Жанат Елшібеков менің құрдасым, екеуіміз де Талдықорған облы-

қылтаны», «Әлем көз тіккен Мекке», «Алтын кіндік», басқа да хикаяттары қазақ әдебиетінде ойып тұрып орын алатын шығармалар. «Сен білесің бе?», «Зерек», «Таным» атты адам айтса сенсіз ғажайыптар мен қайран қалдырар қылы-қылы қызықтардан тұратын жинағын қазір де оқырмандары іздеп жүріп оқиды. Бүгінге дейін оның екі мыңнан астам сөзжұмбағы мен ребустары танымдық жұмбақтары түрлі басылымдар мен журналдарда жарық көргенін көшіріп біле бермес. Ол елімізде сөзжұмбақ жанрына қалам тербеген тұңғыш қаламгер. Жәкең «Жалын» журналының «Сөз зергері» номинациясы бойынша Ғабит Мүсірепов атындағы сыйлықтың лауреаты атанғанда әріптесімді шың жүректен құттықтадым, — деген еді кезінде жастардың сүйікті газеті «Лениншіл жаста» Жәкеңмен бірге қызмет еткен белгілі жазушы, баспагер, қоғам қайраткері, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері Ырым Кененбаев ағамыз.

Жәкең екеуіміз «Егемен Қазақстан» газетінде ширек ғасыр бірге қызмет еттік. Ал Жанат аға 37 жыл бойы аталмыш басылымда жемісті қызмет етіпті. Бұл дегеніңіз, айтуға ғана жеңіл. 22 жыл бас газеттің жауапты хатшысы қызметін атқару оңай емес. Қаншама ұйқысыз түндер, таң атқанша газеттің басылуына қол қойылғанша басыла алмай шығуы да шындық. Ал Жәкең бұған шыдады. Жарты ғасырлық еңбегі лайықты бағаланды. «Алматы облысының құрметті азаматы», өзі туып өскен Қаратал ауданының құрметті азаматы, халықаралық Алаш әдеби сыйлығының иегері, «Қазақстанның құрметті журналисі» атақтары, «Құрмет» орденінің иегері, бірнеше мерекелік медальге ие болуы ұзақ жылғы еңбектің өтеуі болса керек. Оның сыртында 20-ға тарта әдеби-көркем, публицистикалық кітап, мыңнан астам мақаланың түрлі басылымдарда жариялануы жайлы айта кеткен орынды болар. Сонау тоқсаныншы жылдардың басында «СҚ-ның» өнеркәсіп, құрылыс, транспорт бөлімінің меңгерушісі, редколлегия мүшесі болып жүргенде оның экономика мәселесімен мықтап шұғылданғанына куә болдым. Кейде телефон шалып, Өскемен қорғасын-мырыш, титан-магний комбинаттары туралы мақала жазуымды сұрайтын. Ал кейін жаңалық, туризм және спорт бөлімін басқарған кезде тапсырманы тіпті үдете түсті. Бір ғана мысал. 1990 жылдың 14 маусымында Зайсанда қуаты 8 балл болатын аса күшті зілзала болып, оңтүстік төрт ауданның мыңға тарта тұрғын үйі, әлеуметтік мақсаттағы ғимараттар қирап қалған кезде іле-шала телефон соғып, табиғат апаты жайлы нөмірге мақалалар беруді тапсырды. Өрине ол тапсырманы мүлтіксіз орындады. Екі мыңыншы жылдардың басында хакім Абай еліне келіп, артынша қызықты мақалалар жазғаны есте қалыпты. Сол кездегі Семей өңіріндегі меншікті тілші Дәулет Сейсенұлы екеуі Тарбағатай, Аягөз аудандарын аралап, Ақтайлақ, басқа да талантты ақын-жыршылардың рухына бас иді.

Қазір де Жәкең екеуіміз телефонның сымы қызғанша сөйлесіп тұрамыз. Үйіндегі жұбайы, жаны жомарт Жанна жеңгейдің «ас суып қалды ғой, тағамыңызды ішсеніңші» дегенде ғана дамылдап алады да, артынша қайта телефон шалады. Мені таңғалдырғаны, еңбек демалысында болса да төрткүл дүниеде не болып жатқанынан хабардар. Әсіресе спорт тақырыбына келгенде ерекше шабыттанып кетеді. Алматыда өткен студент-жастардың Универсиадасы өтіп жатқанда да маған телефон соғып, жаңалықтарды біліп тұрды. Қазақ елі студент жастарының қамандылық есепте екінші орынға ие болғанына бәлаша қуанып, құттықтағаны өз елінің нағыз патриоты екенін аңғартса керек.

75 деген мерейлі жасқа толып отырған Жанат Елшібеков қазір де шығармашылық ізденісте. Жарты ғасыр қолынан қаламы түспеген, сергек те сезімтал суреткер, оқырмандарын сүбелі шығармаларымен қуантып келе жатқан шабытты қаламгердің бергенінен берері көп.

Оңдасын ЕЛУБАЙ,
«Құрмет» орденінің иегері

ҚАЗАҚСТАН СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: БҮГІНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

ТАЯУДА Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ДӘЛ ОСЫНДАЙ ТАҚЫРЫПТА ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Онда отандық спорт журналистикасының бүгінгі жетістігі мен кемшілігі сараланып, проблемасы айтылды.

Университеттің Журналистика және саясаттану факультеті Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы ұйымдастырған іс-шараға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов, қазақ спорт журналистикасының белді өкілі, жазушы Несіп Жүнісбай, Қазақстанның ұлттық дәрежедегі төрешісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, ғалым Бағдат Тусеев, Қазақстан спорт журналистері федерациясының төрағасы Илияс Омаров, футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының бұрынғы жаттықтырушысы Талғат Байсуфинов, «Qazsport» телеарнасының директоры Нағи Бақытбеков, сонымен қатар еліміздің спорттағы жағымды жаңалықтары мен жемісті жетістіктерін жарқыратып көрсетіп жүрген спорт журналистері, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Ректор дөңгелек үстелге қатысушыларға арнап сөйлеген сөзінде бар қажыр-қайраты мен күш-жігерін қазақ спортының дамуына жұмсап жүрген спорт журналистерінің бүгінгі іс-шараға қатысып, ой-пікір білдіргендеріне ризашылығын жеткізді.

– Біз Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Қазақстан спорт журналистикасы: бүгінгі мен келешегі» атты дөңгелек үстел өткізіп, сіздермен кәсіби маман дайындау мақсатында ашық пікір алмасып, кеңінен ойласайық деп шештік. Журналистика және саясаттану факультетінде екі жыл бұрын спорт журналистикасы мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы ашылған. Қазір жұмыс істеп жатыр. Алғашқы жылы он студент қабылданды, қазір олар екінші курста оқиды. Алайда кадр тапшылығы, осы салаға дайындайтын оқытушылар мен оқулықтардың жетіспеушілігі жоқ емес. Жоқ деп отыра беруге тағы болмайды, шетелдік оқулықтарды аудару керек. Ендігі

жерде сол олқылықтардың орнын толтыру – басты мақсатымыз. Ол үшін студенттеріміз тәжірибеден өту маңызды. Етікшінің жанында отырған адамнан жақсы етікші шығатыны секілді, студенттерге білікті жетекшілер бекітіліп, олар өндіріспен тығыз байланысса, біздің ойлаған ойымыз орындалып, мықты маман даярлантыны сөзсіз. Біздің бірлігіміз, ұлт спорты жолында ұйысу – мемлекет басшысы әрдайым айтып отыратын ең өзекті мәселенің бірі. Ал дөңгелек үстел сіз бен бізді жақындастыра, табыстыра түседі деген сенімдемін, – деді Ерлан Сыдықов.

Сондай-ақ ол: «Өнерде Асанәлі Әшімовтің, Қайрат Байбосыновтың класы деген бар. Журналистикада да осы үрдісті қалыптастыру ке-



дайындау жөніндегі ойларын бөлісті. – Мен ҚазҰУ-дың журналистика факультетін бітіргеннен кейін Дене тәрбиесі институтын бітірдім. Спорт журналистикасының қазіргі

қасиетіне тоқтала келіп, бүгінде жылап жатқан бала анасының кеудесінде жұбанбайтынын, ұялы телефонды қолына берсе қоя салатынын қынжыла отырып мысал етті. Сондықтан ма-



рек. Меніңше, Несіп Жүнісбаевтың, Жанболат Ауубаевтың класында оқуға құмар жастар көп», – деді.

Дөңгелек үстелге қатысушылар қазіргі Қазақстан спорт журналистикасының жетістіктері мен кемшіліктері, журналист мамандарын дайындауда шешімін күткен мәселелер туралы ой қозғайды. Несіп Жүнісбаев өзінің өмірлік тәжірибесін ортаға сала отырып, спорт журналисін

Қазақстандағы халі өте төменгі дәрежеде. Осы университеттің спорт-сауықтыру кешенін аралап көрдік, тіпті бассейнге дейін бар. Сондықтан Еуразия ұлттық университеті қабырғасында спорт журналистерін тәрбиелейміз деп отырғаны ұлт болып қуанатын шаруа. Мен ғұмырым жеткенше бұл бағытта қолұшын беруге дайынмын, – деді ол.

Содан кейін қазақ тілінің қадір-

мандық даярлауда ана тілінің ролі зор екеніне баса көңіл бөлді.

– Әлемдік деңгеймен салыстырғанда Қазақстан спорт журналистикасы тым кейіндеп қалды. Алға емес, артқа кетіп бара жатқан секілді. Өйткені Олимпиадаға барып жүрген турист-журналистер соңынан мұра қалдыруды мұрат тұтпайды, – деді Несіп Жүнісбай.

Журналистика және саясаттану

факультетінің деканы Қайрат Сақ пен Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі Серікзат Дүйсенғазы бүгінгі білім беру жайын айта отырып, көкейде жүрген ойларын ортаға салды. Шетелде салалық маман дайындау жолға қойылса, Қазақстанда енді көшіп жатқанымызды мысалға келтіріп, ақсап тұрған салаға маман дайындаудың тиімді тұстарын тоқталды. Цифрлық маман дайындауға мән берді. Үш факультет бірігіп, бір маман дайындауға көңіл бөлініп жатқанын жеткізді.

Ал «Qazsport» телеарнасының директоры Нағи Бақытбеков өз сөзінде ЕҰУ студенттері үшін телеарнаның есігі әрқашан ашық екенін және алдағы уақытта бірлесіп жұмыс істеуге дайын екендіктерін білдірді.

– Біздің телеарнада «QAZSPORT алаңы» деген сараптамалық бағдарлама бар. Сол жерде отандық спорттың мәселесін жиі көтеріміз. Бірақ спикер табу қиын. Тапқан күннің өзінде студияға саладағы проблемаларды жақсы білетін және ашық айтатын мамандар келетінін естесе, қатысудан бас тартатындар көп, – деп қынжылды ол.

Қазақстан спорт журналистері федерациясының төрағасы Илияс Омаровтың айтуынша, спорт журналистикасы – жалпы журналистикаға бастар баспадақ.

– Мен деген журналистердің өзі алғашқы қадамын спорт тақырыбынан бастаған. Оны алып кеткендер елдің алдында жүр. Сондықтан оның болашағы да зор, – деді ол.

Рас, қайбір жылы марқұм, белгілі спорт журналисі Дүрәлі Дүйсебай Еуразия ұлттық университетінен «Спорт журналистикасы» кафедрасы ашылғанын сүйіншілегенде көппен бірге қуанып едік. Өкінішке қарай, пандемия кезінде ол кісі өмірден озды да, «кафедраның ендігі жайы не болады екен» деп алаңдаушылық білдіргендер көп болды. Бүгін Дүрәлі Дүйсебай бастаған игі бастаманы белгілі журналист, ғалым Мұхит Омаров одан әрі жалғастырып, жандандырып жатқанын естіп, қуандық. Кафедраның ендігі жұмысының қызы түсеріне сенеміз. Университетте ұйымдастырылған дөңгелек үстелде осыған көз жеткізгендей болдық.

ҮРЖАРДА ХАЛЫҚ ОЙЫНДАРЫ ДҮРКІРЕП ӨТТІ

ЖАҚЫНДА ҮРЖАРДА АУДАН ӘКІМІНІҢ ЖҮЛДЕСІ ҮШІН ХІІІ ХАЛЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ СПАРТАКИАДАСЫ СПОРТТЫҢ 19 ТҮРІНЕН ӨТКІЗІЛДІ: ВОЛЕЙБОЛ (ЕРЛЕР, ӘЙЕЛДЕР), ФУТБОЛ, ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА, ҚАЗАҚ КҮРЕСІ, ҚОЛ КҮРЕСІ, ҮСТЕЛ ТЕННИСІ, ДОЙБЫ, ШАХМАТ, ГІР КӨТЕРУ, ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ, КӨКПАР, АУДАРЫСПАҚ, ТЕҢГЕ ІЛУ, АЛАМАН БӘЙГЕ (25 КМ), ТОП БӘЙГЕ (15 КМ), ҚҰНАН БӘЙГЕ (10 КМ), ЖОРҒА ЖАРЫС (7,5 КМ), ТАЙ ЖАРЫС (5 КМ).



Халық ойындарын аудан әкімі Нұржан Токсейітов ашып, өңірдегі бұқаралық спортты дамытуға үлес қосқан азаматтарға алғысын білдірді. Бұл жарыстардың ерекшелігі, ауданның бірнеше ауылында спорттың әр түрі бойынша тартысты ойындар өтіп, оны ауыл тұрғындары қызыға тамашалады. Атап айтар болсақ, Ақжар ауылындағы Б.Тұрлыханов атындағы орта мектепте шахмат, тоғызқұмалақ, дойбыдан, Үржар ауылындағы орталық стадионда гир көтеру, қол күресі ерлер және әйелдер арасында, жеңіл атлетика жарыстары өтті.

Үржар, Науалы, басқа ауылдарда спорттың басқа түрлерінен жарыс қызу өтті. Сондай-ақ Аламан бәйге, Топ бәйге, Құнан бәйге, Жорға жарыс, Тай жарыста жеңімпаз атанғандарды

аудан әкімі Н.Токсейітов пен аудандық дене шынықтыру, спорт бөлімінің басшысы Сәрсенхен Қабдолданов марапаттады. Ал бәйгеде жеңімпаз атанғандарға аудан әкімі жамылғысын қоса тапсырды. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар, грамоталар, медальдар табысталды.

Қызықты да тартысты өткен спартакиадада ауылдық округтер мынадай ұпайларға ие болды.

- 1-орын – Қарабұлақ АО (784 ұпай);
- 2-орын – Үржар АО (764 ұпай);
- 3-орында – Елтай АО (743 ұпай);
- 4-орын – Мақаншы АО (708 ұпай);
- 5-орын – Қабанбай АО (656);
- 6-орын – Қаратал АО;
- 7-орын – Бестерек АО;



- 8-орын – БақтыАО,
- 9-орын – Науалы АО;
- 10-орын – Қоңыршаулі АО.
- 11-орын – Жоғарғы Егінсу АО.
- 12-орын – Шолпан АО.
- 13-орын – Салқынбел АО.
- 14-орын – Ақшоқы АО.
- 15-орын – Ақжар АО.
- 16-орын – Көкөзек АО.
- 17-орын – Көлденең АО.
- 18-орын – Қарабұта АО.
- 19-орын – Егінсу АО.
- 20-орын – Көктал АО.

- 21-орын – Қарақол АО.
- 22-орын – Көктерек АО.
- 23-орын – Қаратұма АО.
- 24-орын – Барқытбел АО.
- 25-орын – Келдімұрат АО.
- 26-орын – Алтыншоқы АО.
- 27-орын – Жаңа тілек Ауылдық округі иеленді.

Бетті дайындаған – **Оңдасын ЕЛУБАЙ**, «Қазақ спорты» газетінің Шығыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі

НАТУРАЛИЗАЦИЯ ПРОВАЛИЛАСЬ И В КАЗАХСТАНЕ, И В БЕЛАРУСИ

СТАЛО ИЗВЕСТНО ИТОВОЕ МЕСТО СБОРНОЙ КАЗАХСТАНА В РЕЙТИНГЕ СИЛЫ ЧЕМПИОНАТА МИРА ПО ХОККЕЮ. ПО ИТОГАМ ГРУППОВОГО ЭТАПА КОМАНДА ЮРИЯ МИХАЙЛИСА ЗАНИМАЕТ 14-Е МЕСТО ИЗ 16, ОПЕРЕЖАЯ ИТАЛИЮ И ВЕЛИКОБРИТАНИЮ.

«Дело не в том, как ты начинаешь, а в том, как ты заканчиваешь», – пишет сайт международной федерации хоккея о выступлении сборной Казахстана.

Ранее в рейтинге силы Казахстан занимал сначала 16-е место, а затем 15-е.

Подопечные Михайлиса, благодаря победе над Италией (5:2), сохранили прописку в топ-дивизионе. На счету Казахстана три очка и предпоследнее, седьмое место в группе А.

Между тем как отмечают российские эксперты сборная Казахстана долгое время болталась между высшим и первым дивизионом. И вот уже два года подряд удерживает место в элите. Правда, что на прошлом ЧМ, что сейчас является аутсайдером и борется за предпоследнее место в группе, позволяющее сохранить прописку на будущее. Год назад в Латвии казахи выиграли два матча, в этот раз смогли только один. Были проиграны первые шесть встреч и только в предпоследний день группового этапа была обыграна Италия (5:2), которая также не так давно попала на мировое первенство лучших команд.

По основным статистическим показателям команда Юрия Михайлиса не худшая в Финляндии. На последнем, 16-м месте, только по меньшинству (ужасные 52 процента) и посещаемости (2 595). Разница заброшенных и пропущенных шайб за семь матчей - 19-31. Четыре из шести матчей казахи проиграли в одну шайбу, что для кого-то является утешением. Оправданием не лучшей игры служит и то, что команда осталась без вратарей на турнире. Финн Йони Ортио, получивший спортивное гражданство

Казахстана, отказался от участия в ЧМ. Никита Бояркин, здорово выступивший в 2021 году, не смог поехать из-за травмы. Швед Хенрик Карлссон давно забыл, что у него есть еще один паспорт. Михайлису пришлось делать ставку на Андрея Шутова (один матч в сезоне в КХЛ).

Однако стоит учесть, что нынешний чемпионат мира должен был иметь другой состав участников. Россию и Белоруссию заменили Франция и Австрия, которые изначально не входили в число команд элиты. И очевидно, что Россия была бы одним из фаворитов группы А, а не боролась бы за выживание как французы. Но и они превзошли казахов. По первым матчам в Хельсинки было видно, что у команды Михайлиса есть большие проблемы с «физикой», это было заметно и в товарищеских матчах с Латвией, которые были проиграны в одну калитку. По ходу турнира казахи прибавляли, но для побед этого было недостаточно - немцы, канадцы, швейцарцы и словаки были сильнее. При этом нельзя сказать, что состав у Казахстана был слабый. В атаке были Акользин, Михайлис, Панюков, Волк, Старченко, которые в КХЛ играют заметную роль. В защите тоже сплошь игроки, регулярно выступающие в плей-офф, Сведберг и Диц. Однако никто, за исключением Орехова (сразу после матча с Италией стало известно о его переходе из "Барыса" в "Металлург"), не смог проявить себя на 100 процентов. 22-летний защитник стал лучшим бомбардиром команды, набрав семь (3+4) очков. За весь сезон КХЛ он набрал столько же. Диц как всегда много «привозил». Михайлис, собравшийся в НХЛ,



забил два гола (набрал шесть очков). У Акользина больше всех штрафных минут в команде (11) и три очка. Панюков играл не очень много, Волк много ошибался.

«Сейчас уровень чемпионата даже выше, чем на Олимпиаде, так что, я говорю, нам надо поиграть три, пять, семь лет в элитном дивизионе, чтобы ставить задачу попадать в плей-офф. Посмотрите, за последние... Когда мы два раза играли в элите? Лет 17-18 назад? Надо реально смотреть на вещи», подвел итоги турнира капитан сборной Роман Старченко.

Сборная Казахстана действительно выступила не так плохо, как еще пять-шесть лет назад. Однако и никакого прогресса не показала, скорее, даже продемонстрировала регресс.

Взять тех же итальянцев, в матче с которыми удалось добыть путевку на следующий чемпионат. Их состав по именам куда слабее: большинство игроков из австрийской лиги, нет ни одного человека из сильного европейского чемпионата. У Франции, которая обошла Казахстан, тоже немного крутых хоккеистов. Выделяется только Александр Тексе из «Коламбуса», остальные из средних лиг Европы. У казахов команда была составлена из игроков КХЛ – сильнейшей лиги Европы.

В Казахстане пытаются решить свои хоккейные проблемы с помощью базового клуба сборной в КХЛ и натурализации. Но ни один из методов нормально не работает. Тема базового клуба не принесла результата

даже сборной России, выбор игроков в которую куда выше. Натурализация провалилась и в Белоруссии, и в Казахстане. Иностранцы не слишком горят желанием выкладываться за сборную не своей страны, а молодые рядом с ними не растут. Последнее может произойти только при высокой конкуренции. Учитывая, что все больше казахских игроков находят работу в разных сильных клубах КХЛ, прогресс не должен заставить себя ждать. Главное, чтобы это понимали в федерации. Уйти от базового клуба, совмещения постов тренера (Михайлис в роли главного тренера сборной совершенно не убедил) и прекратить раздавать паспорта иностранцам – первые шаги, которые стоит сейчас сделать.

ЮРИЙ МИХАЙЛИС ОЦЕНИЛ ИГРУ СБОРНОЙ НА ЧМ

ГЛАВНЫЙ ТРЕНЕР СБОРНОЙ КАЗАХСТАНА ЮРИЙ МИХАЙЛИС ОЦЕНИЛ ИГРУ КОМАНДЫ И ОТДЕЛЬНЫХ ХОККЕИСТОВ В РЕШАЮЩЕМ МАТЧЕ С ИТАЛИЕЙ ЗА СОХРАНЕНИЕ ПРОПИСКИ В ЭЛИТЕ МИРОВОГО ХОККЕЯ, А ТАКЖЕ ПОДВЕЛ ИТОГИ ТУРНИРА.



– После матча с Германией поговорили с ребятами о том, что мы наладили свою игру и хорошие моменты уже проявляются. Нужно было справиться с эмоциями. Вышли на лёд единым коллективом, играли друг за друга. Здорово сыграли в обороне, преуспели в атаке, забили хорошие голы.

– В заявке на матч был Саян Данияр, но он ни разу не появился на льду. По какой причине?

– Те, кто играл и сражался на льду, были в тонусе, и не было смысла выпускать просто так. Хотя скажу, что Саян Данияр – техничный и умный центральный нападающий. У него ещё будет время.

– Во втором звене Кирилла Савицкого заменил Михаил Рахманов. Как оцените его взаимодействие с Кёртисом Волком и Никитой Михайлисом?

– У Михаила Рахманова сегодня была хорошая энергия, движение, и он не выпадал. Где-то поддерживал Кёртиса Волка и Никиту Михайлиса. Они создавали хорошие моменты.

– Андрей Шутов в сезоне провёл всего одну игру в КХЛ. В «Номаде» и «Сарыарке» у него было слишком мало игровой практики.

В Хельсинки его бросили под танк. У вас нет сожаления о том, что ему нужно было давать больше игрового времени по ходу сезона?

– Мы готовили первым номером для сборной Никиту Бояркина, но он получил травму. Год назад Никита Бояркин заменил Хенрика Карлссона на чемпионате мира. А на этом турнире отыграл Андрей Шутов вместо Никиты Бояркина. Ребята молодцы. Двигаются вперёд и стараются прогрессировать.

– Чем продиктован вызов Ильи Румянцев? Во-первых, он никогда не играл на чемпионатах мира. Во-вторых, он натурализованный игрок. У нас есть свои вратари. Например, Денис Каратаев и Демид Еремеев.

– Денис Каратаев после окончания сезона месяц не имел практики. А Демид Еремеев пока не готов. И к тому же у него тоже не было достаточной игровой практики перед чемпионатом мира.

– Сегодня был момент в игре, когда Павел Акользин громко кричал на судью. Это чревато удалением. Вы объясняли игрокам, что нужно сдерживать свои эмоции на турнирах такого ранга?

– На протяжении всего турнира удаления не позволяли нам удерживать преимущество, объясняли ребятам. У Павла Акользина мощный характер, он был заряженным в этих матчах. Он вёл себя на эмоциях, мы просили быть сдержаннее.

– Батырлан Муратов не попал в заявку на чемпионат мира, так как вы не видели его в первых двух звеньях. Затем получил травму Евгений Рымарев, который тоже выделяется своей техникой. Не было ли у вас мысли включить Батырлана Муратова в состав после такой кадровой потери?

– Нет.

– Почему в спецбригаде большинства выходил Дмитрий Шевченко? Он игрок больше сдерживающего звена.

– Дмитрий Шевченко – фактурный и большой игрок, который может сыграть под воротами, закрывая обзор вратарю. Никита Михайлис и Роман Старченко умеют бросать прицельно в угол, поэтому нам нужен был такой игрок в большинстве. Спасибо. До свидания! По информации ШАЙБА.KZ.

ВСЕМ СПАСИБО!

БЫВШИЙ ВРАТАРЬ «БАРЫСА» ЙОНИ ОРТИО ПОПРОЩАЛСЯ С КЛУБОМ И БОЛЕЛЬЩИКАМИ.



«Спасибо «Барысу» и Нур-Султану за прошедшие два года. Я познакомился и работал со многими замечательными людьми, приобрел друзей на всю жизнь и действительно наслаждался своим пребыванием в Нур-Султане. Надеюсь, при других обстоятельствах мы когда-нибудь встретимся снова. Алга, «Барыс!» – написал он в своем Instagram.

Свою карьеру Ортио продолжит в Швеции. 31-летний финн подписал контракт с клубом ХВ71, который выступает в высшем дивизионе чемпионата страны. Соглашение рассчитано на два года.

Минувший сезон Ортио провел в «Барысе». На его счету 39 матчей в регулярном чемпионате КХЛ, в которых он отразил 90,7 процента бросков при коэффициенте надежности 2,74, сообщает корреспондент Vesti.kz.

ВЕНГРИЯ ОТКАЗАЛАСЬ ОТ ПРОВЕДЕНИЯ ЧЕМПИОНАТА МИРА ПО ХОККЕЮ

ФЕДЕРАЦИЯ ХОККЕЯ ВЕНГРИИ ОТОЗВАЛА ЗАЯВКУ НА СОВМЕСТНОЕ СО СЛОВЕНИЕЙ ПРОВЕДЕНИЕ ЧЕМПИОНАТА МИРА 2023 ГОДА. ОБ ЭТОМ В TWITTER СООБЩИЛ ЖУРНАЛИСТ ТЕЛЕКАНАЛА TSN ГОРД МИЛЛЕР.

По информации источника, правительство страны решило отказаться от проведения турнира после слухов о том, что Беларусь и Россия в 2023 году будет запрещено принимать участие в турнирах под эгидой Международной федерации хоккея (ИИФ).

26 апреля ИИФ объявила о переносе ЧМ-2023 из России. Решение было принято из соображений безопасности. После этого Венгрия и Словения подали совместную заявку на проведение турнира. Их национальные команды выступят в элитном дивизионе чемпионата мира следующего года после того, как заняли

первое и второе места на мировом первенстве 2022 года во втором по силе дивизионе.

